СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ

№ 10 (22) 2010

АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

СПРАВОЧНИК

КЛАССНОГО РУКОВОДИТЕЛЯ

- Отбасындағы кітап
- Оқытудың ойын түрлері арқылы шығармашылық әлеуетті дамыту
- Топтық технология түрлері
- Кіші және орта мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін қозғалысты ойындар

- Книга в семье
- Развитие творческого потенциала личности через игровые формы обучения
- Разновидности групповых технологий
- Подвижные игры с детьми младшего и среднего школьного возраста

International centre of financial & economic strategy
KAZAKHSTAN

Открыта подписка на 2011 год!

ТОО «Международный центр финансово-экономического развития – Казахстан» по праву гордится каждым выпущенным изданием! Не откладывайте подписку!

Гарантия качества классной работы!

В 2011 году выйдет

2-й выпуск

приложения к журналу «Справочник классного руководителя»:

Библиотека классного руководителя

индекс **74223**

В приложении собраны сценарии лучших классных *часов, конкурсов,* разработки викторин, игр, ситуаций по Правилам дорожного движения. В игровой и конкурсной формах они смогут обучать детей правильному

«БИБЛИОТЕКА К … **ым прекрасный по** … **руководителю,** … **образования.**

Материал сборника … стов.

ПО КАТАЛОГАМ (

АО «Казпочта» (

«Евразия-пресс»

«Эврика-пресс»:

«KazPress»: +7 (

… **у классного руководителя»**

… **ВАЯ ШКОЛА»**

В РЕДАКЦИИ, В

(с любого месяца)

…ормите комплект получите скидку 15%

ТОО «МЦФЭР – Казахстан», 050009,
г. Алматы, ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 165 б/72 г
тел/факс: +7 (727) 323-62-13, 323-62-12

www.mcfr.kz

ПРЕДЛОЖЕНИЕ ДЛЯ ЗАБОТЛИВЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ! НЕ ОТКЛАДЫВАЙТЕ ПОДПИСКУ – 2011!

KAZAKHSTAN

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Алтынбек Нұхұлы
ҚР БҒМ Ғылым комитеті төрағасының орынбасары, химия ғылымдарының докторы, профессор

Бөрібеков Қадірбек Қозыбайұлы
ҚР БҒМ техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры

Амантаева Майра Тұрғанқызы
ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақтары одағы ЗТБ-нің төрайымы, Астана қ.

Жұмашев Қаныбек Бекболатұлы
Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

Сманов Бақтияр Орысбайұлы
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Дорожкина Любовь Анатольевна
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институты директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, доцент

Иманбекова Бақытгүл Ильясқызы
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институты директорының оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының докторы, доцент

Сәрсенова Нұрзила Сәрсенқызы
Атырау облыстық Кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Милованова Валентина Дадановна
№ 9 ЖББМ ММ директоры, психология ғылымдарының докторы, ҚР білім беру ісінің үздік қызметкері, педагог-зерттеуші, ЖҒРА ноосфералық білім беру бөлімшесі жөніндегі кеңесшісі, Алматы қ.

Ғалымжанова Маржан Әнесқызы
Атырау облыстық кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты

Чокушева Әлия Иағалиқызы
Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институты директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары

Қажиева Гүлнар Тоқайқызы
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының тәрбие жұмысы кабинетінің меңгерушісі

Тайтанова Нұржамал Қамбылқызы
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы

ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА

Алтынбек Нухулы
заместитель председателя Комитета науки МОН РК, доктор химических наук, профессор

Борибеков Кадырбек Козыбаевич
директор департамента технического и профессионального образования МОН РК

Амантаева Майра Турговна
председатель ОЮЛ Союза профессиональных союзов работников образования и науки РК, г. Астана

Жумашев Каныбек Бекболатович
заместитель акима Мангыстауской области

Сманов Бактияр Урисбаевич
директор Республиканского института повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования, доктор педагогических наук, профессор

Дорожкина Любовь Анатольевна
заместитель директора по воспитательной работе Республиканского института повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования, доцент

Иманбекова Бакытгуль Ильясовна
заместитель директора по учебно-методической работе Республиканского института повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования, кандидат педагогических наук, доцент

Сарсенова Нурзила Сарсеновна
директор Атырауского областного института повышения квалификации и переподготовки кадров, кандидат педагогических наук, доцент

Милованова Валентина Дадановна
директор ГУ ОШ № 9, доктор психологических наук, отличник образования РК, педагог-исследователь, советник РАЕН по отделению ноосферного образования, г. Алматы

Галимжанова Маржан Анесовна
заместитель директора по научно-методической работе Атырауского областного института повышения квалификации и переподготовки кадров, кандидат педагогических наук

Чокушева Алия Иагалиевна
заместитель директора по научно-методической работе Алматинского областного института профессионального развития кадров

Кажиева Гульнар Токаевна
заведующая кабинетом воспитательной работы Республиканского института повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования

Тайтанова Нуржамал Камбыловна
старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности Республиканского института повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования

Журнал басылымының жобасы Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің қолдауымен, оның әлеуметтік бағдарламаларының бірінің аясында жүзеге асырылады.

Проект издания журнала реализуется при поддержке Интеграционного Комитета Евразийского Экономического Сообщества в рамках одной из его социальных программ.

М А З М Ұ Н Ы

Сынып жетекшісінің анықтамалығы № 10 /қазан/ 2010

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Т. В. Шатобина
РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ 4

М. Р. Кәрімжанова
ОТБАСЫНДАҒЫ КІТАП 7

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

В. А. Халиулина
БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДАҒЫ САРАЛАНҒАН ЖҰМЫСТАР 13

СЫНЫППЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙМЫЗ

Н. С. Павлова
КІШІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ 16

Л. А. Лопатько
ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ЖАСӨСПІРІМНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫ 20

А. А. Әбілова
ОҚЫТУДЫҢ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ 24

САБАҚТАН ТЫС ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

В. С. Пак
ЭКОНОМИКА ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫС 28

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

А. И. Семке
ЭКСПЕРИМЕНТТІК САБАҚТАР ЖӘНЕ КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАР ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ 32

Б. Г. Айманова, К. М. Батырова
ТОПТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІ 39

С. В. Карандашов
КІШІ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОЙЫНДАР 44

С О Д Е Р Ж А Н И Е

Справочник классного руководителя № 10 /октябрь/ 2010

ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ РАБОТА

Т. В. Шатобина
ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ КАК ЧАСТЬ СИСТЕМЫ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ 50

М. Р. Каримжанова
КНИГА В СЕМЬЕ 53

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

В. А. Халиулина
ДИФФЕРЕНЦИРОВАННАЯ РАБОТА НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ 59

РАБОТАЕМ С КЛАССОМ

Н. С. Павлова
РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ 62

Л. А. Лопатько
САМОРАЗВИТИЕ ПОДРОСТКА В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ 66

А. А. Абилова
РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ ИГРОВЫЕ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ 70

ОРГАНИЗУЕМ ВНЕУРОЧНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

В. С. Пак
ВНЕКЛАССНАЯ РАБОТА ПО ЭКОНОМИКЕ 74

ОБМЕН ОПЫТОМ

А. И. Семке
МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРИЕМЫ ПРОВЕДЕНИЯ УРОКОВ-ЭКСПЕРИМЕНТОВ И ИНТЕГРАЦИОННЫХ УРОКОВ 78

Б. Г. Айманова, К. М. Батырова
РАЗНОВИДНОСТИ ГРУППОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ 85

С. В. Карандашов
ПОДВИЖНЫЕ ИГРЫ С ДЕТЬМИ МЛАДШЕГО И СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА 90

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Т. В. Шатобина,
№ 13 орта мектеп ММ мұғалімі, Өскемен қ.

Эльдар Рязановтың «Тағдыр тәлкегі...» фильмінің әйел кейіпкері айтатын сөз естеріңізде ме: «Мұғалімнің қателігі көзге аз көрінеді, бірақ одан ауырлығы кемімейді»? Біздіңше, ол оқытудағы ғана емес, тәрбиелік сипаттағы кемшіліктерді айтқаны болса керек. Шындығында да, жоқ тәрбиені ешқандай ақшаға сатып ала алмайсың.

Өмірде барлығы да тәрбиелейді, бұл аксиома. Сондай-ақ баланың сырттайғы жарқын әсерді, нақты қылықты, тіпті ол теріс болса да, теле- және бейнеөнімдерді (әсіресе) оңай қабылдайтыны да белгілі. Оның үстіне бұл оның құмарлығын қоздырады, демек, әсерін күшейте түседі. Қазіргі кезде барлығы да көзбен көрушілікке және жарқындыққа қарама-қарсы әсер – *сөз арқылы тәрбиелеу* (кеңінен айтқанда сөзбен тәрбиелеу) жайлы көп айтып, жазып та жүргені тегін емес.

Л. Айзерман өзінің «Әдеби туындыны талдау принциптері мен тәсілдері» атты еңбегінде мектепке «...зияткерлік міндет арқалайтын, ақыл-ойдың ширығысын талап ететін және мүмкіндігінше – өнер түрлері араласқан» **нағыз** мұғалімнің сезін қайтаратын кез келгенін айтады.

Нақ осы субъектілердің рухани-адамгершіліктік сапаларын сөзбен тәрбиелейтін білім беру процесі туралы сөз қозғаймыз. Адамгершілік сезімдері теориясын жасаған В. А. Сухомлинский, адамның ішкі әлемінің нәзіктігін педагогтің балалармен қарым-қатынас стилі түріндегі жоғары мәдениетті сөз тәрбиесінсіз бекіту мүмкін еместігін айтқан. Тек осы стильді пайдаланғанда ғана балалардың жауап сезімдерін оятуға, жақсырақ, жетілгендірек болуға ұмтылысын тудыруға болады. Мен өзімнің сөз арқылы тәрбиемді нақ осы жауап сезімін қалыптастыруға арнауға тырысамын.

Сезім әлеміне тереңірек үңілу – практикалық әрекетпен үйлесімде рухани-адамгершілік тәрбиесінде тиімді нәтиже бере алатын жол, міне, осы. Алайда бұл әлемге үңілуге тек қана адамның әрекетке белсене кірісуіне қуатты уәж болып табылатын балалық мүдде «іске қосылған» кезде ғана қол жетпек.

Маған қарсылық білдірушілер де табылар: дегенмен оқушылар мүдделері жұтаң, қарапайым, қолжетімді, көзге керініп тұрған, эгоистік болады ғой! Солай екені де рас. Алайда педагог оған дана түзетулер енгізуі тиіс – тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктеріне сүйену, бұл қажеттіліктерді үнемі ізгілендіріп, көтермелеп отыру қажет, ересектер мен балалардың мақсаттарын тәрбие

процесі субъектілерінің бірлескен әрекетінде үйлесімділікте ұстау қажет. Бұл жерде адамгершілік сезімдерін қалыптастырудың ойластырылған жүйесі: ар, парыз, жауапкершілік, толеранттылық, мейірімділік, өзін сыни бағалай білу болуы маңызды.

Адамгершілік тақырыбына оңтайлы кездесу-сұхбат құрылымын мен бірнеше жыл бойы жасадым.

бұл құрылым құрауыштары (кезеңдері) төмендегідей болып келеді:

- ***тақырып бойынша міндетті ақпараттық ұсыныстар,*** оларды 5–7-сыныптарда педагог, ал жоғары сыныптарда – даярланған оқушылар жасайды;
- ***дербес материал жинау*** (сауалнама, жедел-сұрақнамалар, проблемалық сұрақтар, тесті-суреттер, т. б.);
- ***кері байланыс:*** «Пікірлер беті» атты ортақ плакатта стикерлер арқылы (жапсырма) жауап дербес материал ұсыну;
- ***мобильдік өңдеме*** – нәтижелерді ұсыну;
- ***қорытынды,*** міндетті түрде бастапқы ақпараттық ұсынысқа үйлес перспектива-қорытынды.

Мысалы, «Абайла, қалжың!» тақырыбы талқылану үстінде делік. Қалжың түрлері туралы ақпарат беріліп, мысалдар келтірілгеннен кейін, балалар тақтаға шығып, «Пікірлер беті» плакатына өздерінің түсті стикерін жапсырады. Онда балалардың өздерін көбірек толғандыратын әрі неғұрлым ұнайтын сөздер жазылған. Мұғалім өзінің әр жолы ауысып отыратын көмекшілерімен бірге деректерді өңдеп жатқанда, сөздің күші, оның адамға әсері туралы арнайы таңдап алынған өлең немесе жазба тыңдалады. Мұндай жұмыстың қорытындысы шығарылған кезде әдетте бей-жай қалатындар болмайды (өйткені тақырып жоғарыдан берілген жоқ, балалардың өздерінің ұсынысы ғой).

Материал жинау кезеңінде әрбір оқушыға қағазға басылған түрдегі жеке материал беріледі. Қорытындысы шығарылып, жаңа тапсырма анықталғаннан кейін әрбір оқушы кездесуді еске салатын «заттық» ескертпе алады, біз оны із деп атаймыз (бұл із қағаз бетінде ғана емес, әр баланың жүрегінде қалады деп сенгіміз келеді). Із міндетін жаднама, уағыз, өлең, сурет, эмоциялық сөз, арнау, философиялық даналық, т. б. атқара алады. Түсті қағазға жазылған бұл даналық үлгісін балалар күнделігіне, сүйікті блокнотына жапсырып, мұқият сақтайды.

Мұндай сұхбаттарды неше түрлі етіп жарияландыру балалардың осындай кездесулерге деген ынтасын оятып, олар, өздері мойындағандай, оны күтіп жүретін болады.

Тәрбиелік мақсаттағы кездесулер өткізудің таптаурын болған техникасы көптеген сұрақтарды талқылауға мүмкіндік береді. 5–7-сыныптарға арналған тақырыптардан бастап («Батыл болғым келеді», «Мен жылаңқы емеспін», «Нағыз дос», «Қайырымды болу пайдалы», «Шындық, өтірік және қиял»), біз жасөспірімдерге лайықты тақырыптарға қарай жылжимыз («Әдет – екінші натура», «Сөз қатуға асықпа», «Жігіттер мен қыздарға қатысты 11 «жоқ», «Әкелер мен балалар», «Уайымды қалай жеңуге болады», т. б.).

Балаларға Дмитрий Сергеевич Лихачевтің «Қайырымдылық пен әсемдік туралы хаты» қатты ұнады. Бұл жинақтағы 46 хаттың барлығы – оқушылардың адамгершілік сапаларын сөзбен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы

керемет құрал. Мұндағы кеңестер – жанды даналық қоймасы, артық-ауыс уағызы жоқ қайырымды Ұстаздың сөзі. Оқушылардың әрбір жаңа бітірушілерімен бірге мен осы мәңгілік кітапқа қайта оралып соғып отырамын. Нақ осы «Қайырымдылық пен әсемдік туралы хат» материалында біз *Сократтық* деп аталған сұхбаттар өткізуді үйрендік. Бұл сұхбаттар өзара байланысты сұрақтардың қатаң ойластырылған жүйесінен тұрады. Біз осыдан маңызды сұрақтарды дұрыс қоя білу білігін меңгеріп, сұрыптадық, әрі кез келген таным таңырқаудан, ақылды және сыпайы қойылған сұрақтан басталатынын ұмытқан емеспіз.

Адамгершілік тәрбиесі бойынша жұмыстарды ұйымдастырудағы ерекше материал философиялық ертегілер мен ұлы адамдардың айтқан сөздері болып табылады.

Философиялық және психологиялық ертегілермен жұмыс жүргізілетін сабақ ертегітерапия деп аталады. Ересектердің де, балалардың да жүректері ертегі үшін әрқашанда ашық, сондықтан оның тәрбиелік әлеуеті үлкен. Дер кезінде тәрбие процесіне енгізілген ертегі немесе аңыз баланың санасында, жанында сақталып қалады, сөйтіп, оған өз бойында адамгершілік қырағылығын тәрбиелеуге көмектеседі.

Мысалы, «Мені осы қалпымда қабыл ал» тақырыбына өткізілген ашық шара («Ең жақсы сынып жетекшісі» қалалық конкурсы) тоғызыншы сынып оқушыларының ұсынылған ертегі мәтінін қалай өңдеп, нағыз ересектерге лайық дүниетанымдық қорытынды жасай алатындықтарын көрсетті.

Философиялық немесе психологиялық ертегілерді пайдаланған кезде оқушыларға оның мазмұнын белгілі бір шекке дейін ғана жеткізіп, қалғанын дәлелді түрде ойластыруға олардың өздерін қосу тиімді болатынын көрсетеді. Тек қана бұдан кейін классикалық қорытынды айтылуы керек те, ертегі моралін бірлесе талқылаған жөн.

Даналық сөздермен жұмыс – көп таралған және қазіргі педагогикада жиі сипатталатын әдіс. Оны қолдану арқылы мен мынадай тәсіл қосамын: бір қанатты сөздің аяғын оларға айтуға қалдырамын әрі өз нұсқасын дәлелдеуді ұсынамын. Содан кейін сөздің классикалық нұсқасы оқылады да, содан кейін түпнұсқаға неғұрлым жақын сөйлемді айтқан жеңімпаз анықталады. Сөздің өзектілігін анықтау бойынша әңгімелер бізде жемісті өтеді. Сыныпта үнемі жасөспірімдердің нақыл сөзді есте сақтап қалып, сабақта қолдануға ұмтылысы қолдау тауып отырады.

Рухани-адамгершілікті тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда фильмдерді талқылау жұмысы тиімді болады. Бұл үшін біз мәңгілік тақырыптар – ар, абырой тақырыбындағы (мысалы, американдық Питер Уирдің фильмі «Өлі ақындар қоғамы») сияқты өтімді фильмдерді таңдап аламыз. Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында біз Андрей Малюковтің «Біз болашақтанбыз» фильмін таңдадық, онда қаза тапқандар алдындағы қасиетті борышымыз туралы сөз болады. Криса Коламбустің «Екіжүзжылдық адам» фильмін көргеннен кейін біз адамгершілік пен толеранттылық тақырыбында сөз қозғадық.

Қорыта келгенде айтарым, рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша барлық жұмыс оқушының өзін-өзі тануына, оның жеке басының және азаматтық сапаларының дамуына көмектесетін ***жалпы тәрбие жүйесіне*** қисынды түрде ұласуы тиіс.

ОТБАСЫНДАҒЫ КІТАП

М. Р. Кәрімжанова,
№ 6 ММ МГ директорының бейіндік оқыту бойынша орынбасары,
орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, Алматы қ.

5–7-сыныптарға арналған «Кітап пен отбасы – менің ең жақын достарым» тақырыбындағы сынып сағатының мазмұнын келтіріп отырмын.

Оның өткізілу мақсаты:

- ***дидактикалық*** (балаларда кітап оқу қажеттілігі және онымен жұмыс жасау туралы ұғым қалыптастыру, кітапты ұстау ережесін қайталау);
- ***дамытушылық*** (қисынды ойлауын, жадты, зейінді, сөйлеуді, орнықтылықты, ой-өрісті, шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру);
- ***тәрбиелік*** (кітапқа ұқыпты әрі сүйіспеншілікпен қарауды тәрбиелеу, қарым-қатынас дағдысын дамыту, танымдық мүддесін, отбасындағы сүйіспеншілік пен өзара түсіністікті тәрбиелеу).

Дайындық жұмысы

Сынып сағатын өткізу тақырыбы мен формасын талқылау. Мақсаттарды анықтау.

Сынып сағатының барысын талқылау.

Жүргізушілерді даярлау және рөлдерді бөлісу.

Сынып оқушыларын топтарға бөліп, олардың әрқайсысы үшін тапсырмалар дайындау.

Көрнекіліктерді даярлау: кітап, плакаттар, мақал-мәтел жазылған карточкалар, конкурс медальдары, кітап арасына салатын белгіқағаздар көрмесі.

Материал жинап, оны жеңіп алу.

Оқушылардың жұмбақтар, мақал-мәтелдер, кітап туралы өлеңдер даярлауы.

«Менің сүйікті әдеби кейіпкерім» конкурсын өткізу – оқушылардың қолөнер шығармашылығының түрлі техникаларын пайдаланып жасаған жұмыстары:

кесте, жапсырма, жұмсақ ойыншық, аппликация және т. б. Отбасылық шығармашылыққа баса мән беріледі.

«Біздің отбасылық кітапхана», «Отбасылық сүйікті кітап» тақырыптарына шығармалар конкурсын өткізу. Отбасы мүшелері сүйіп оқитын кітап туралы әңгімелер.

«Менің сүйікті парақтарым» сурет конкурсын өткізу.

Ата-аналар үшін сауалнама жүргізу (ата-аналар жиналысында).

Ата-аналарға арналған сұрақтар

1. Үйіңізде кітапхана бар ма?
2. Сіздің ойыңызша, баланың дамуында көркем әдебиеттің алар орны қандай?
3. Сіздің балаңыз бағдарлама бойынша міндеттіден басқа көркем кітаптарды оқи ма?
4. Бала кез келген кітапты оқуы тиіс пе?
5. Өзіңіздің балаларға арналған сүйікті кітаптарыңызды атаңыз. Балаңызға оны оқып шығуды кеңес етер ме едіңіз?
6. Балаңызға дауыстап кітап оқып бересіз бе?

Қатысушылар – сынып жетекшісі, сынып оқушылары, ата-аналар, кітапханашы.

Безендірілуі: оқушылар салған «Менің сүйікті парақтарым» сурет конкурсының және «Менің сүйікті әдеби кейіпкерім» конкурсының жұмыстары, атақты адамдар айтқан сездер: «Кітапты сүйіңдер – ол білім көзі, тек білім ғана сендерді құтқара алады, тек ол ғана сендерді рухани күшті, адал, шынайы, адамды шын жақсы көруге қабілетті, оның еңбегін құрметтей алатын, оның ұлы еңбегінің жемісін бағалай алатын адам етіп шығара алады» *(М. Горький)*.

«Кітап оқу – бұл балалар сол арқылы әлемді және өздерін танып білетін терезе. Егер бала оқыған кітабындағы сөздердің әсемдігін сезінбесе, қоршаған ортаның әдемілігін тұщынбайды» *(В. А. Сухомлинский)*.

Кітап – мұғалім,
Кітап – тәлімгер,
Кітап – сенімді дос, жолдас,
Кітап түссе қолыңнан
Ақылың тозып, көнерер.

Оқудың пайдасы туралы мақал-мәтел:

– Тереңіне бойлай алмаған оқудан пайда болмас.
– Кітап – күлше емес, дәмін алсаң – тұщынарсың.
– Кітап – кез келген жерден жол табар су сияқты.
– Кітаппен өтсе өмірің – көтеріңкі болар көңілің.
– Кітапсыз ақыл қанатсыз құстай.

СЫНЫП САҒАТЫНЫҢ БАРЫСЫ

Сынып жетекшісінің кіріспе сөзі: «Барлық жақсылықтарым үшін мен кітапқа қарыздармын» деген М. Горький. Онымен көпшілік келісер деп ойлай-

мын. Адам өмірінде кітап маңызды орын алады. Қазір біз осыны дәлелдеуге тырысамыз.

Алдын ала даярланған оқушылар сөздері.

1-оқушы: Кітапсыз өмірді көзге елестетуге бола ма? Бұл қызықсыз әрі көңілсіз ғой. Күні бойы компьютер мен теледидар алдында отыратын адамға қарау қандай қиын. Одан қандай пайда болмақ? Ал кітап – білімнің кілті. Кітап оқу арқылы сен өзің үшін жаңа әрі пайдалы көп нәрселерді білесің. «Кітап оқымайтын адам, ойланбайтын адам» деп тегін айтпайды ғой.

2-оқушы: Кітап ой-өрісті кеңейтеді. Кітапқа қарап, өткеніңді: ұрыстар мен шайқастар, серілік жарыстар мен жорықтар жайлы білу сондай қызықты. Кітаптан оқып, географиялық және ғылыми ашылулар, өз Отаныңның тарихын білесің, өзге халықтардың мәдениеті мен діндерін зерттейсің.

3-оқушы: Кітап ойлау мен қиялды дамытады. Өзіңді грек батыры немесе физика заңын ашқалы жүрген ғалым, Мысыр перғауыны немесе патшасы ретінде сезіну қандай тамаша. Ойша өзге елдер мен қалаларға барып қайтуға, храмда немесе мешітте болып қайтуға болады.

4-оқушы: Кітап бізге дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Кітап кейіпкерлерімен танысқан кезде біз өзімізді, достарымызды көргендей боламыз, өзгелердің қатесінен үйренеміз, өзіміз ол қателікті қайталамауға тырысамыз.

5-оқушы: Кітап оқыған адам сауатты жазуға үйренеді, дұрыс сөйлеп, сөздік қорын толықтыра түседі. Кітап бізді өзгелер үшін қызықтырақ ете түседі.

Сынып жетекшісі: Белгілі бір жаста белгілі бір кітаптарды ғана оқу керегін ұмытпаған жөн. Ойлап көріңдерші, он алты жастағы адам «Бауырсақ» пен «Шұбар тауық» ертегілерін оқып отырса, ал бес жастағы балаға жатар алдында мамасы Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» оқып бергені жараса ма.

Біз сіздерді кітап адам үшін қажет нәрсе екеніне сендіре алдық қой деп ойлаймын. Олар адам өмірінде маңызды рөл атқарады, үйретеді, ақыл береді, олардың көмегімен біз есейе түсеміз, әлемді танимыз.

Сахналау

Әдеби викторина (өтілген, таныс шығармалар бойынша). Қатысушылар 2 командаға бөлінеді: ата-аналар командасы мен оқушылар командасы (7 адамнан).

Жүргізуші (сынып жетекшісі немесе арнайы даярланған жоғары сынып оқушысы) викторина сұрақтарын қояды. Әрбір дұрыс жауабы үшін команда ұпай алады.

Ең көп ұпай жинаған команда ұтады. Жүлде – кітаптар.

«Үлкен әріптер» ойыны
(теледидарлық ойыннан үзінді)

Ойын раундтан тұрады. Қатысушылар – оқушылар (команда алты адамнан тұрады).

1 раунд

Жүргізуші сұрақтар қояды (өтілген шығармалар бойынша). Раунд алты сұрақтан тұрады. Әрбір дұрыс жауап үшін – үлкен әріп беріледі. Жиналған әріптерден сөз құрастырылады.

2 раунд (1 минут ішінде)

Бұл әріптерден команданың әрбір мүшесі барынша көп сөз құрауы тиіс. Неғұрлым көп дұрыс сөз құраған ойыншы жеңімпаз болады. Жүлде – кітап.

«Түсін мені» ойыны

2 команда ойнайды, сынып жетекшісінің қалауына орай олар құрама – ата-аналар мен оқушылар да болуы мүмкін. Олардың әрқайсысына бір туындыдан 2–3 үзіндіден беріледі. Дайындалу уақыты 5–7 минут.

Әрбір команда шығармадан үзіндіні сөзсіз, тек қимыл-ишарамен жеткізеді. Басқа команда қарсыластарының қандай шығармадан үзінді орындап тұрғанын табуы тиіс.

Командалар даярланып болғанша басқа қатысушылар үшін «Оқудың пайдасы жайлы мақал-мәтелдерді білесің бе?» ойынын өткізуге болады. Әрбір аталған мақал не мәтел үшін жетон, ал жетонды көп жинағандарға – жүлде (кітап) беріледі.

Ата-аналар сөзі (оған алдын ала даярланған жөн)

1-сөз: Адамдар кітаптың қандай ғажап қасиеті барын біле бермейді. Біз былай ойлаймыз: егер адам кітапты ойлап тапса, демек, оны ойшыл әрі ақылды адамның ойлап тапқаны сөзсіз!

2-сөз: Кітапқа, жарыққа тартылғандай, кәрі де, жас та ұмтылады, кітаптан бар сауалға жауап табуға болады. Адамдар кітаптан өз проблемаларының шешімін табады – қалай өмір сүру керек, кімнен үлгі алуға болады, қай жолмен жүрген дұрыс, өмір мәні неде, т. б. Кітап – сенімді досың әрі тәлімгерің – осы сауалдардың барлығына жауап береді.

3-сөз: Кітаптан бүкіл өміріннің сипатын табуға болады. Бала кітаптың арқасында өзіне белгісіз көп нәрсеге қанығады. Ересек адамдарда кітап өткен өмірін еске түсіреді, жастық шағына қайта оралтады, өткен өмір жолына ой жүгіртуге көмектеседі.

4-сөз: Кітап адамдардың өмір жолын таңдауына көмектеседі, қателік жасаудан сақтандырады, дұрыс шешім қабылдауға жәрдемдеседі. Кітап оқыған кезде біз қуанышқа бөленеміз, уайымға берілеміз, қайғырамыз және таңырқаймыз, жанымызға тыныштық табамыз.

5-сөз: Кітап біздің өмірімізді жарқын әрі жан-жақты, ал сезімімізді тереңірек ете түседі. Кітапты ештеңемен айырбастай алмайсың, ол адамды дамытады, ойлауға, түсінуге, жаңалық ашуға жетелейді.

Сынып жетекшісінің қорытынды сөзі: Сынып сағатын Борис Слуцкийдің «Кітап ұстаған адам» өлеңінің жолдарымен аяқтағым келеді:

Кітап ұстаған кісі. Кез келген кісі
Трамвайда кітап оқыған,
Тіпті ашылмаған кітапты тұңғыш ашып,
Кітапханада кітапқа үңілген,
Бұл қашанда жақсылық қой:
Жаман кітап өмірде аз болады.
Күміске сынама қойғаныңдай,
Кітап адамның бола алар сынамасы.
Оқырман – менің үмітім,
Олар жайлы айтарым көп.
Радио тыңдаушыдан гөрі
Кітап оқушы құрметке лайық.
Оқырман қашанда оқиды түгел,
Үйде ғана емес, кітапханада да.
Кітапты түптеп, қадірлеп ұстап
Қолдан қолға өткізер.
Радио – сәттік. Газет – бір күндік.
Кітап қана тек – өмірлік.
Кітап – өмір кілті. Парақтап табасың.
Тек тапқаныңа ие бол!

***

Кітапты жаққанда шырылдар жаның да
Саясат пен табыс көзі үшін.
Кітапты сақтаған қуантар жаныңды –
Керек ол адамның өзі үшін.

Бұл өлең біздің әрқайсысымызға қатысты болса деп тілеймін. Қашанда, өмір бойы қолымыздан кітап түспесін.

Рефлексия

Сынып сағатының нәтижелілігіне талдау жасау және оның даярлануы мен өткізілу деңгейін бағалау түстер жиынтығы түрінде анықталады:
- сынып сағатын өткізу кезіндегі оқушының көзқарасы;
- қатысушылардың қарым-қатынасы;
- шараға қанағаттанушылығы;
- психологиялық ахуалға қанағаттанушылығы.

Сынып сағатының соңында сынып жетекшісі ата-аналарға қатысқаны үшін алғыс айтып, оларға кеңес береді.

Ата-аналарға кеңес

Ұсыныстар

Кітапты жатып оқу зиянды, ол көзді бұзатыны баршаға белгілі. Ең болмаса төсекте отырып оқуға ғана рұқсат етіңіздер.

Балаңыздың үстелінде түбі жоғары қарата төңкеріліп жатқан кітапты көрсеңіз, бір сұмдық көргендей шу көтеріңіз. Баланы кітапқа мұқият қарауға: парақтарын ақырын аударуға, шеттерін бүктемеуге үйретіңіз.

Біздің балалармен әңгімеміз көбіне маңызсыз болады, сондықтан күнде балаңызға жақсы кітапты дауыстап оқып беріңіз. Бұл олармен рухани байланысыңызды байытады.

Тіпті үлкен балаңызға да дауыстап кітап оқып беруден қашпаңыз. Баланы кітапқа үйір етудің жақсы тәсілі бұл.

Жалпы тәрбие жүйесінің нақты рецепті болмайтыны сияқты, кітаппен тәрбиелеудің де нақты ережесі жоқ. Бұл шығармашылықты, көп бейнелі, әр жағдайда дербес іс. Тек бір ортақ нәрсе – отбасында кітап, отбасылық кітапхана болу жеке тұлғаны тәрбиелеудегі маңызды адамгершілікті құрал.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Бақытжан Жұмағұлов Білім және ғылым министрі болып тағайындалды

Астана қ. қыркүйектің 22-күні ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов Білім және ғылым министрлігінің ұжымына жаңа басшы – Бақытжан Жұмағұловты таныстырды.

Бұған дейін Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің ректоры болған Б. Жұмағұлов 2007 жылғы қаңтардың 10-ынан бері Білім және ғылым министрі болып келген Жансейіт Түймебаевтың орнына келді. Ж. Түймебаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босатылды.

Бақытжан Жұмағұлов – ғалым-математик, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері». 2008 жылдың сәуір айының 21-інен бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болды.

Ал оған дейін – 2007 жылдың қыркүйек – 2008 жылдың сәуір айы аралығында – Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары, 2007 жылдың қыркүйек айы мен 2008 жылдың ақпан айы аралығында – «Нұр Отан» партиясының Парламент Мәжілісіндегі фракциясының жетекшісі, 2007 жылдың шілде айы мен 2008 жылдың ақпан айы аралығында – «Нұр Отан» ХДП Төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет еткен.

ҚазАқпарат

БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДАҒЫ САРАЛАНҒАН ЖҰМЫСТАР

В. А. Халиулина,
№ 14 МГ бастауыш сынып мұғалімі, Астана қ.

Білім алуға оң уәждемені дамыту, пәнге қызығушылықты арттыру және дамыта оқытуға жағдай жасау мақсатында жаңа технологияны іздестіру маған сабақ жүргізудің дәстүрлі емес әдістерін және әрдеңгейлі оқыту технологиясын пайдалану туралы ой салды.

Бастауыш мектеп мұғалімдерінің көпшілігі үшін өзекті болып табылатын **әрдеңгейлі оқыту** төмендегілерді жеңуге бағытталады:

- оқытудағы шаблон мен формализмді;
- пәнге қызығушылықты жоғалтуды жоюға;
- оқушылардың есептеуіш техниканы пайдалану дағдыларын азайтуға;
- оқушылардың қисынды ойлауы жеткілікті дамымауын;
- балаларды бір деңгейде оқытуды;
- оқушылардың математикалық сөйлеуінің төмен мәдениетін.

Көптеген жаңашыл мұғалімдердің еңбектерін зерттей келе, мен әрдеңгейлі оқытудың әрдеңгейлі оқыту технологияларын жүзеге асыруға қадам жасадым және өз жұмысымда «күрделілік деңгейі» ұғымын қолданамын. Математиканы оқыту тиімділігін арттырудың бір жолы әртүрлі әрекет деңгейіне және оқу материалын меңгеру деңгейіне негізделген сараланған жұмыстар болып табылады.

Ж. А. Қараевтың пікірінше, егер оқыту төменгі деңгейден жоғарыға қарай бағытталған траектория бойынша ұйымдастырылған жағдайда ғана дамытушы болып есептеледі, өйткені бұл кезде ойлау мен білік, уәж, белсенділік

дамып, білім сапасы жақсарады. Осыны ескере отырып, мен математикадан әрдеңгейлі тапсырмалар жасадым.

Тапсырмаларды жасау кезінде төмендегі деңгейлер ескерілді: оқушылық, алгоритмдік, эвристикалық және шығармашылық. Бұл деңгейлерді енгізу материалды оқылатын материал көлемін арттыру есебінен емес, білім деңгейінің ретімен жүріп отыру есебінен меңгеруді қарастырады.

Әрдеңгейлі тапсырмалардың әрбір деңгейінің мүмкіндігін қарастырайық.

Оқушылық (1-деңгей):

- стандартты жағдайдағы репродуктивті білік;
- ұсынылған тақырып пен формула бойынша есеп;
- формуланы тікелей пайдалануды талап ететін ұқсас, типтік тапсырмаларды шешу;
- мәтінді сол күйінше, түсініктемесіз айтып шығу.

Дұрыстық сияқты білім сапасы қалыптасады. Тапсырма күрделілігі алғашқы дағдылардың пайда болуына жетелейді. Өздік жұмыстың мақсаты – білімдегі, біліктегі және дағдылардағы ақтаңдақтарды анықтау; өзін-өзі тексеру; түзету. Өздік жұмыстарды тексеру барысында диагностикалық карта жасаймын. 1-деңгей тапсырмалары міндетті минимумды қамтамасыз етеді, алынған білімді өзгертуді, өзінің түсініктемесін талап етпейді.

Алгоритмдік (2-деңгей):

- өзгерген жағдайдағы репродуктивті біліктер;
- білімді тікелей пайдалануды қажет етпейтін ұқсас тапсырмаларды шешу;
- мәтінді өз түсінігімен баяндап беру;
- формула, сызбаларды өз бетімен таңдап алуы (салыстыру, бақылау, сипаттау және қорытынды жасау).

Тапсырма күрделілігі басқа тақырыптарды оқу кезінде алынған білімдерін пайдалану, күрделірек әдістерді пайдалану, жаңа жағдайда алғашқы дағдыларын қолданудан тұрады. Білімнің *толықтығы* қалыптасады. 2-деңгей тапсырмаларын орындау алынған білімдері мен біліктерін өзгеріс жағдайында қолдануды қарастырады.

Эвристикалық (3-деңгей):

- жартылай ізденгіштік білігі;
- типтік емес тапсырмаларды орындау және арнайы тәсілдерді қажет ететін стандартты емес есептерді шешу;
- формула, сызбаларды өз бетімен таңдап алу (талдау, жинақтау, бастысын бөліп алу, салыстыру, рефлексия).

Бұл деңгей біліктер мен дағдыларды шығармашылықпен қолдауды, тапсырмаларды өз бетімен тұжырымдауды, талдау жасау, тұжырымдау қабілетін қалыптастыруды көздейді. Білімді сезіну қалыптасады. 3-күрделілік деңгейі арнайы білімдер мен тәсілдерді қажет ететін стандартты емес тапсырмаларды орындауды қарастырады. Балаларға кроссворд, кестелер ұсынуға болады.

Эвристикалық деңгейдің негізі – жартылай ізденгіштік әдісіне сүйене отырып, мен алгоритмдермен жұмыс істеу бойынша тапсырмаларды берген жөн деп санаймын.

Шығармашылық (4-деңгей):

- шығармашылық біліктерді қалыптастыру;
- мақсат қою – жаңа ақпаратты пайдаланып, проблеманың шешімін өз бетінше табу.

Білімнің *жүйелілігі мен орнықтылығы* қалыптасады. 4-деңгейдің күрделілігіндегі тапсырмаларға балалардың ребус, кроссворд, шарада, әртүрлі мәтіндер, карточкалар, т. б. құрастыруы жатады. Мұндай тапсырмалардың мақсаты – балалардың әуесқойлығын ояту, оқулықтан басқа білім көздерін табу, таным процесіне белсенді қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөйтіп, әрбір оқушы дәйекті түрде деңгейден деңгейге өз жылдамдығымен жылжып отырады. Барлық деңгей тапсырмаларын орындағаннан кейін ол «Мұғалімнің жәрдемшісі» құрметті атағына ие болады, сөйтіп, педагогпен бірге өз жолдастарына кеңес беретін болады. «Мұғалім – оқушы – мұғалім» тұрақты үлгісі ығыстырылып, өзара білім алмасатын «оқушы – оқушы» үлгісі орнығады (мұғалімнің міндетті көмегі және бағыттауымен) және өз бетімен білім алу тетігі жүзеге асады.

Әрдеңгейлі дербес жұмыстардың басты артықшылықтары:

- оқушылардың барлығы да қамтылады;
- әркімнің жеке қабілеттері дамиды;
- білім сапасы артады;
- өз бетімен жұмыс жасау, езін-өзі бақылау және бірін-бірі бақылау тәсілдерін меңгереді;
- танымдық белсенділік қалыптасады;
- оқушылар білімін бағалаудың икемді жүйесі.

Тұрақты есеп ара-тұра емес, тұрақты еңбектенуге үйренетін оқушылардың білім сапасын арттырады, оларда еңбексүйгіштікті қалыптастырады.

Білімді есепке алатын арнайы дәптер жүргізу маған әрбір оқушының мүмкіндігін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді; оның табыстары мен кемшіліктері жайлы үнемі қолымда мәліметтер болуын қамтамасыз етеді, бұл сабаққа даярлану кезінде өте қажет нәрсе.

1-деңгей материалын меңгергендерді мен 2-ге көшіремін, ал оны меңгере алмағандармен біліміндегі ақтаңдақтарды жою саласында жұмыс жүргізіледі.

Сөйтіп, бұл жүйе әрбір мықты, орташа және нашар оқушыға да – оқу жоспарында бір сатыға көтерілуге мүмкіндік береді. Жүйе негізі ретінде әрбір баланың жақын даму зонасын ескере отырып, қарапайымнан күрделіге қарай көтерілу алынған.

Дамыта оқыту дегеніміз осы.

КІШІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Н. С. Павлова,
№ 36 ММ орта мектебінің мұғалімі, Өскемен қ.

Мынадай суреттер жұрттың бәріне таныс болар: бала теледидар алдында, құлағына плеер киген жасөспірім, оқушы компьютер алдында. Бала күніне қанша сағатын техникамен өткізеді? Ал бір ай немесе бір жыл ішінде ше? Осы уақыттың ішінде ол қарым-қатынастан тыс, рухани оқшауланып қалады.

Қазіргі қоғам дамудың жаңа фазасына кірді: индустриялықтан ақпараттыққа айналды. Бұл білім беру кеңістігінде де өзгерістер жасайды, дәстүрлі әдістемелер орнына әртүрлі инновациялық технологиялар келеді, олардың әрқайсысының аса зор жетістіктері бар. Ақпараттық-компьютерлік технологияда оқушылардың интеллектін дамыту және таным білімін кеңейту құралы ретінде жетекші орын компьютерге берілген.

Бірақта компьютердің оқыту процесіне жағымды әсерімен қатар теріс жағын да атап өткен жөн: баланы қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасаудан алшақтатады. Бұл – оқушының өмірінде тілдік және қарым-қатынас біліктілігі сияқты оқыту құрауыштары да қажет болмай қалады деген сөз.

Қарым-қатынасы жоқ қоғамды көзге елестету қиын. Қарым-қатынас саласында адам өзінің кәсіби және жеке жоспарларын жүзеге асырады, өзінің өмірде бар екенін білдіреді, қолдау мен жанашырлыққа ие болады, өмірлік жоспарлары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға жәрдем алады. Міне, сондықтан да қарым-қатынас біліктері мен дағдылары – субъектінің өмірі мен еңбегі табысты болуының кілті болып табылады.

Қарым-қатынас білігін қалыптастыру өзекті проблема. Кіші мектеп жасындағы балалар өз ойын, сезімін, толғанысын үнемі білдіре алмайды, бұл ересектер мен баланың қарым-қатынас орнатуына кедергі жасайды. Сондықтан да нақ кіші мектеп жасы қарым-қатынас дағдыларына үйренуге өте қолайлы болып саналады. Бұл жастағы балалар тіл құбылыстарына аса сезімтал болады, оларда өздерінің сөйлеу тәжірибесін ой елегінен өткізу, қарым-қатынас міндеттерін шешу мүддесі пайда болады.

Мен өз сыныбымда сауалнама жүргіздім. Оның нәтижесі қарым-қатынас саласында көптеген оқушыларда проблема барлығын көрсетті. Оны кесте түрінде төменде беріп отырмын.

Кіші мектеп жасындағы балалардағы қарым-қатынас білігі

	Қарым-қатынас білігі	Иә	Жоқ
1	Менің достарым көп	10	14
2	Мен жаңа адамдармен тез танысамын	11	13
3	Маған сынып алдында сөз сөйлеу ұнайды	15	9
4	Мен тақта алдында жауап беруге қиналмаймын	15	9
5	Маған өз пікірімді айту ұнайды	11	13
6	Мен материалды ретімен, жүйесін жоғалтпай айтып бере аламын	12	12
7	Маған топпен жұмыс жасау жеңіл	8	16
8	Мен негізгі сөздің негізінде өз бетіммен хабарлама жасай аламын	9	15

Бүгінде білім берудің нәтижесі тек қана білім, білік, дағды алу ғана болмауы тиіс. Бұл қазіргі әлемде өмір сүруге қабілетті, өзінің және қоғамдық мүдделер үшін өзін-өзі дамытуға даяр, еркін, білімді, шығармашылықты жеке тұлғаны тәрбиелеу және дамыту.

Кіші оқушы үшін қарым-қатынас біліктілігінің мәні неде?

Біріншіден, ол оқудың табысты болуына әсер етеді. Қарапайым мысал келтірейін. Егер оқушы тақта алдында жауап беруге қысылатын болса, немесе бұл кезде қатты абыржитын болса, онда оның шынайы жауабы (қарым-қатынас көрінісі ретінде) оның бойындағы білімнен анағұрлым төмен болады, ол, әрине, төмен бағаланады.

Екіншіден, баланың мектепке бейімделуі, оның ішінде қарым-қатынас біліктілігі көбіне баланың мектепке бейімделу процесіне, оның ішінде сынып ұжымында эмоциялық жағынан өзін жақсы сезінуіне байланысты болады. Егер ол сыныптастарымен оңай тіл табысатын болса, онда психологиялық қолайлылық сезінеді. Ал керісінше, айналасындағылармен қарым-қатынас жасай алмау оның достарының санын азайтады, жағымсыз әсерлер тудырады, ал кейін әлеуметтікке қарсы мінез-құлық көрінісін тудыруы мүмкін.

Үшіншіден, қарым-қатынас біліктілігі білім беру процесінде бүгінгі тиімділік пен қолайлылық шарты ретінде ғана емес, сонымен бірге келешек өмірдің тиімділігі мен қолайлылығы ресурсы ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Оқу-тәрбие процесі тек бұл процесте педагог ойын айту, оқу, жазу тілегін дамытқан жағдайда ғана тиімді әрі пайдалы болмақ. Нақ осы қарым-қатынас біліктілігі сөйлеу қатынасының біліктері мен дағдылары қалыптасуына мүмкіндік жасайды, бұл үшін әр сабақта қажетті жағдай жасалуы тиіс. Сөйлеу әрекеті өзінің барлық түрінде – оқуда, жазуда, сөйлеуде қалыптасады. «Қарым-қатынас жасай отырып қарым-қатынас жасауға үйрету» – мұндай шартсыз сабақ болмайды.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге қарағанда, қарым-қатынас біліктілігіне төмендегідей құрауыштар жатады:

– *эмоциялық* (эмоциялық елгезектік, эмпатия, өзгелерге сезімталдық таныту, жанашырлық, тілектестік, серіктесінің әрекеттеріне көңіл қою кіреді);

2—977

– *когнитивтік* (өзге адамды тануға, өзге адамның мінез-құлқын тани білу қабілетіне, адамдар арасында туындаған әртүрлі проблемаларды тиімді шеше білуге байланысты);
– *тәртіптік* (баланың ынтымақтастыққа, бірлескен әрекетке, ынталылығына, қарым-қатынас дұрыстығына, ұйымдастырушылық қабілеттеріне, т. б. қабілеттілігін білдіреді);
– *жеке бастық* (қарым-қатынасқа түскен жеке тұлғаның қарым-қатынас мазмұнына, процесіне және мәніне табиғи түрде әсер ететін ерекшеліктері арқылы пайда болады).

Қарым-қатынас біліктілігі айналадағы адамдармен және оқиғалармен әрекеттестік тәсілдерін білу, топта жұмыс істеу дағдылары, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруден тұрады.

Қарым-қатынас процесінде оқушылар алдында келіссөз жүргізу, өз әрекетін алдын ала жоспарлап қою қажеттілігі пайда болады. Басқа балаларға субъектілік қарым-қатынаста болу, яғни оларды өзіне тең жеке тұлға ретінде қабылдау, олардың мүдделерін ескеру, көмектесуге дайын тұру білігі талап етіледі. Құрдастарымен қарым-қатынас жасай отырып, бала серіктесінің әрекетін басқаруды, оларға бақылау жасауды, оларға өзінің мінез-құлық үлгісін көрсетуді үйренеді.

Балаларды қарым-қатынас дағдыларына үйрету қажет. Кіші мектеп жасы үшін қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыруға көмектесетін төмендегі құралдарды бөліп көрсетуге болады:

Мысалы, әдебиеттік оқу сабағында мен 4 адамнан тұратын топтарда жұмыс істеуді ұсынамын. Сабақта өтілетін шығармаларда мен теңеуді табуды ұсынамын (1-топ), сипаттау (2-топ), салыстыру (3-топ) және т. б. Дүниетану сабағында «Жануарлар өмірі» тақырыбын бекітуде оқушылар жануарлар тізімімен жұмыс жасайды. Бір топта одан сүтқоректілерді ғана, екінші топта – құстарды, үшіншіде – балықтарды таңдап алған жөн. Аталған жануарлар арасында сирек кездесетін немесе жоғалып кеткендері кездеседі, сондықтан да балалар: «Бұл жануарлар әлемі өкілдерінің атауы бізге неліктен таныс?» деген

сұрақтарға өз бетімен жауап беруге тырысады. Бұл кезде олар өз пікірлерін айтады, толғанады, талдау жасайды.

Сабақта пайдаланылатын қарым-қатынас түрінің бірі монолог болып табылады. Балаларды әңгімелеуге, айтып беруге, өз көзқарасын дәлелдеуге, сұрақтарға жауап беруге үйреткен жөн. Оқушылар бұл қарым-қатынас біліктерін, оқыған туралы әңгімелеп беру, өз пікірін білдіру, кейіпкерлер мінездерін бағалау, шығарманың негізгі ойын өз бетімен таба білуді әдебиеттік оқу сабақтарынан алады.

2-сыныптағы Дүниетану сабақтарында балалар мысалы, «Өсімдіктер өмірі», «Қазақстанның Қызыл кітабы», «Адам еңбегімен даңқты» тақырыптары бойынша әртүрлі хабарламалар дайындайды. Әдетте бұл – анықтамалық әдебиетпен өз бетімен жұмыс, қызықты материалды таңдап алу, жұмысты безендіру, сондай-ақ өз сөзімен бірдеңе айтуға тырысу және бұл ақпаратты тыңдаушыларға жеткізе білу.

Сөздік қорының деңгейі бала сөзінің өнімділігіне әсерін тигізеді. Сыныптағы психологиялық зерттеу нәтижесін талдай келе, мен оқушылардың сөйлеу дағдыларының даму қарқынын назарда ұстай алдым. Оның нәтижесі төмендегі диаграммада берілген.

3 «А» сынып оқушыларында сөйлеу дағдыларының дамуы

Диаграммаға қарағанда 1-ден 3-сыныпқа дейінгі оқыту кезеңінде сөйлеу дағдылары дамуының жоғары деңгейіндегі оқушылар саны артқаны, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны кемігені көрінеді. Бұл таңдап алынған тұрғы сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың, демек, қарым-қатынас біліктілігінің оң динамикасын беретінін көрсетеді.

Сөйтіп, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастырумен әртүрлі сабақтарда айналысуға болады. Егер педагог проблема көтеру арқылы өз сабағында оқушыларға қарым-қатынас проблемаларын жеңуге көмектесетін болса, уақыт өте келе оларда қарым-қатынас уәждемесі қалыптасады. Кейін ол оқушылардың оқу біліктілігі мен оқу жетістіктерінің бастамасы болып шығады.

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ЖАСӨСПІРІМНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫ

Л. А. Лопатько,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты, Алматы қ.

Барлық уақытта өзекті болып келген жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту проблемасы қазір де қызығушылық тудыруда. Ол қазақстандық білім беруге де ендірілу үстінде, бұл жерде дамыта оқыту жүйесін, қашықтан білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бейіндік оқыту, т. б. еске алсақ жетіп жатыр.

Қазақстандық орташа білім беретін мектеп соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бүгінде оның басты ерекшеліктері жеке тұлғаның дамуы үшін жағдай тудыру; білім беруді ізгілендіру және демократияландыру; жеке тұлға мен қоғамдық практика қажеттіліктеріне қатысты білім беру процестерінің мазмұны мен бағыттылығын таңдап алу сипаттылығы; қолданылатын құралдар, тәсілдер мен ұйымдастыру формаларының икемділігі мен көптүрлілігі; білім беру жүйесінің одан ары өзін-өзі жетілдіру мен дамытуға ашықтығы. Дегенмен бұл өзгерістердің барлығы да жалпы білім беретін орта мектептің бұрынғы құрылымы мен мазмұны жағдайында жүргізіліп жатқанын атап өту керек.

Қазіргі әлемде табысты адам болу үшін, үнемі өзін-өзі дамытумен, өзінің дағдылары мен біліктерін жетілдірумен айналысуы тиіс. Ал біздің мектептік білім беру жүйесі оқушыны өзін-өзі жетілдіру субъектісі ретінде қарастырғанымен, аталған процестегі ол үшін маңызы бар ойды іздестіруге жетелейтін өзін-өзі дамытуының жоғары деңгейін қамтамасыз ете алмайды.

Қоршаған ортадан өз Менін бөліп алған кезден бастап, бала өз өмір әрекетінің субъектісі ретінде қалыптаса бастайды, өйткені алдына мақсат қояды, басқалардың талаптарын ескере отырып, өз қалауы мен мақсаттары жетегіне ере бастайды. Алайда бала тек жасөспірімдік кезеңде, санасында түбегейлі өзгеріс жүре бастаған, есейгендігін сезінген, балалықтан ересектік нормаға көшу процесі басталған кезде ғана өзін-өзі дамыту субъектісі болып саналады.

Өзін-өзі дамыту – жоғары дәрежеде өзімен-өзі болу, езінің ойы мен сезімін түсіне, саналай бастау, оларды көрсете, түсіндіре, басқаларға жеткізе білу дегенді білдіреді. Жасөспірімдік кезең шекарасындағы тең құқылы адамзаттық қарым-қатынас құрудың жалпы мәселелері балалардың өздері үшін арнайы зерттелетін және меңгерілетін пәнге айналуы тиіс және, әрине, педагог әрекетінің арнайы әрекет алаңы, педагогикалық қолдау көрсетілетін нәрсе болуы керек. Егер дамытылатын орта ұйымдастыру шарты орындалатын болса,

онда жасөспірімдік кезеңнің соңына қарай оқушыда өзін-өзі дамыту міндеттерін қою қабілеті қалыптасуы мүмкін деп үміттенуге болады.

Мектепте орын алған проблемалар негізінде «Оқушының жеке басын дамытуды басқару» атты он сабақтан тұратын тренинг жасалып, сынақтан өткізілді. Төменде олардың бірқатарын келтіріп отырмыз.

1-сабақ. Мен кіммін?

Сабақтың мақсаты: оқушылардың бір тобымен танысу, оларды жағымды қарым-қатынасқа бағыттау, сыныптың ерекшеліктерін анықтау.

Құттықтау – танысу. Ойын өткізіледі. Мұғалім қолына әуе шарын алып, өзінің атын айтады, бүгінгі сабаққа және тұтас бүгінгі күнге деген тілегін айтып, шарды оқушыларға береді, ал олар кезегімен өздерін таныстырады.

«Біздің ең-ең... плакат жаттығуы». Қатысушыларға топтарға бөлінуге ұсыныс жасалады. Әрбір топ плакатқа мынадай суреттер салады:

– топтың атауы;
– топ құрамы, аттары, жастары;
– сүйікті істері;
– егер менің бір тілегім болса, мен ... қалар едім;
– менің сүйікті орыным осы.

Содан кейін барлық плакаттар тақтаға ілініп, оқушылар өз топтары жайлы әңгімелейді.

«Мен кіммін?» жаттығуы. Балаларға қағаз парағын үш бағанға бөлу ұсынылады. Бірінші бағанда олар «Мен кіммін?» сұрағына жауап береді. Жауап бірден бастарына келген 10 мінездеме сөзден тұруы тиіс. Екінші бағанда олар сол сұраққа жауап береді, бірақ енді ол өзіне ата-аналарының, таныстарының, мұғалімдерінің, жақын адамдарының, т. б. атынан сипаттама береді. Бұдан кейін барлық парақтар араластырылып, біреуі таңдап алынады. Сол «таңдап алынған» адамға бүкіл сынып болып үшінші бағанды толтырады.

«Өзіңді жақсылығың үшін мақта!» жаттығуы. Балаларға аяқталмаған сөйлемдерін аяқтау қажет парақтар таратып беріледі *(Мен ... мақтана аламын. Бүгін мен ... жасадым. Маған бұл мәселе таныс, өйткені...).*

Қорытындысын шығару. Қатысушылар өздерінің не сезінгендерін жазады немесе айтып береді (Бүгін мен мынаны білдім... Мен мынаған таң қалдым... Мен мынаған ренжідім *(таң қалдым)...).*

2-сабақ. «Мен шынайымын және Мен мінсізбін»

Сабақтың мақсаты: оқушылардың өзін-өзі дамыту процесі туралы не білетіндерін анықтау, бұдан кейінгі өзін-өзі дамыту жолдарын белгілеу.

«Ұғым» жаттығуы. Мұғалім тақтаға «өзін-өзі дамыту» сөзін жазады, содан кейін оқушылар бұл ұғым жайлы ойын келген сөздерді айтады және

жазады. Содан кейін оның ең негізгілері таңдап алынып, ортақ ұғым шығарылады.

«Мен шынайымын және Мен мінсізбін» жаттығуы. Балаларға түсті қарындаш, фломастер немесе бояулар көмегімен езінің қазіргі кейпін салуға ұсыныс жасайды. Тағы бір параққа олар келешектегі өздерін қалай көреді, сол суретін салады. Мұғалім төмендегідей сұрақтар қояды: Сендердің шынайы келбеттерің қандай? Сурет сендерде қандай сезім тудырады? Келешекте қандай болғыларың келеді? Ол үшін не істеу керек? т. б.

Қорытындысында «Мен нені үйрендім?» жаттығуын орындауға болады. Қатысушылар педагог ұсынған аяқталмаған сөйлемдерді аяқтайды *(Менің бүгін үйренгенім ... Мен бүгін... білдім. Мен үшін ... маңызды болды).*

3-сабақ. «Лидер деген кім?»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды «лидер» ұғымымен таныстыру, табысты лидерге қажетті негізгі қасиеттеріне талдау жасау.

Мұғалімнің хабарламасы. Лидер (ағыл. *leader* – жетекші) – осы қоғамдастықтың мүддесі үшін бірлескен әрекетке өзгелерді бастай алуға қабілетті жан. Қоғамдық өмірде лидер – белгілі бір топтағы орталық тұлға. Кез келген әрекет түрінде, кез келген тарихи кезеңнің өз лидерін табуға болады. Кез келген топтың өз лидері болады. Оны ресми сайлауы мүмкін, бірақта ешкім сайламаса да, өзінің ұйымдастырушылық қабілеті арқасында ұжымды езі ертіп әкетуі мүмкін. Басшы сырттан сайланады, ал лидер «іштен» өзі жарып шығады.

Егер Адам басшы қызметте болса, ол *формальды лидер* болады. Мысал қарастырайық. Зауыт директоры лауазымында отырған адам билігі өзінен төмен өз орынбасарларының бірі стрессті және жанжалды жағдайларды басуда аса оралымдық көрсетіп, кәсіпорын үшін өмірлік маңызды проблемаларды шеше алатынын аңғарады. Оның үстіне қызметкерлер оны қолдайды, сенеді, сыйлайды. Демек, жоғары лауазымдағы адам үнемі ұйымда автоматты түрде лидер бола алмайды деген қорытынды шығаруға болады.

Қарастырылған мысалда біз *формальды емес лидер* – директордың орынбасары туралы айта аламыз. Кез келген сайлауда оны адамдардың көпшілігі қолдап шығатыны сөзсіз.

«Лидерге қажетті қасиеттер» жаттығуы. Мұғалім тақтаға оқушылар жауап беруі тиіс сұрақтарды жазады.

– Лидерде қандай қасиеттер болуы тиіс?
– Лидердің мінезі қандай болуы тиіс?
– Лидер болу үшін не істеу керек?
– Лидерді кез келген басқа адамнан қалай ажыратуға болады?
– Сыныптарыңда лидер бар ма?

«Егер мен лидер болсам ...» жаттығуы. Оқушыларға кішігірім әңгіме (ауызша немесе жазбаша) құру тапсырылады.

«Рюкзак» жаттығуы. Қорытындысын шығару. Балаларға рюкзак суретін салуды, содан кейін оған өздерінің сабақта алған білімдері мен дағдыларын орналастыру ұсынылады.

Қорыта келе айтарымыз, біз жасаған және сынақтан өткізген жұмыс әдістерін пайдалану мұғалімнің оқушылармен, өзара оқушылардың арасында сенімді қатынас орнатуға көмектеседі. Соған қоса, сабақ барысында балалар арасындағы проблемалы мәселелерді анықтап, оның шешімін табуға көмектесуге болады. Сонымен бірге мұғалім оқушылардың өзін-өзі дамытуы процесіне қатысуы міндетті екенін атап өткіміз келеді, өйткені алғашқы кезде оларға педагог пен ата-аналарының көмегі қажет болатыны сөзсіз.

Тренинг өткізу барысында оқушылардың өзін одан әрі дамыту жоспары туралы ойлары анықтала түсті. Бұл жайлы біз олардың мақсатқа жету жолындағы жоспарын суреттеген шығармашылық жұмыстарынан айқын аңғардық. Көпшілігі болашақ мамандығын жобалады, мақсатқа жету жолында өздеріне көмегі тиетін өзін-өзі дамыту бойынша неғұрлым маңызды әрі қажетті шараларды белгілеп алды.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Үкімет басшысы ҚР БҒМ жаңа тағайындалған басшысына «Ғылым туралы» жаңа заңның тезірек қабылдануына қол жеткізуді тапсырды

ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов 22 қыркүйек күні ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұжымына жаңа министр Бақытжан Жұмағұловты таныстырды.

К. Мәсімов бұрынғы министр Жансейіт Түймебаевқа өз міндетін абыроймен орындағаны үшін алғыс айтып, жаңа жұмыс орнында табыс тіледі.

Премьер-Министр Білім және ғылым министрлігінің жаңа басшысына елдің білім беруді дамыту саясатын одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Атап айтқанда, К. Мәсімов жақын арада «Ғылым туралы» заңның Парламентте қабылдануына қол жеткізуді тапсырды.

«Өзіңіз біраз жыл бұрын ғана Мәжіліс депутаты болдыңыз, сондықтан бұл сізге қиындыққа түсе қоймас деп ойлаймын», – деді Үкімет басшысы.

К. Мәсімов сондай-ақ білім беру мәселесі бойынша нақты басымдықтар белгіленгенін атап өтті. Енді тек осы бағыттарды іс жүзіне асыру ғана қалып отыр. Оның ішінде жоғары, кәсіби-техникалық, мектеп және «Балапан» бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі білім беру ісі де аса маңызды.

Сөзінің қорытындысында Үкімет басшысы желтоқсан айында жастар саясаты, ал келесі айда – мемлекеттік тілді дамыту мәселесі бойынша мәжіліс өткізілетінін хабарлады.

ҚазАқпарат

ОҚЫТУДЫҢ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ

(география сабағының мысалында)

А. А. Әбілова,
Менеджмент және бизнес колледжінің
жоғары санатты оқытушысы, Астана қ.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу мен білім берудің басты міндеттері базалық мәдениетті қалыптастыру, оқушылардың жеке бас әлеуетін барынша дамыту болып саналады. Оның құрамдарының бірі – шығармашылық әлеуетті дамытқан кезде, пәнге танымдық қызығушылық, зияткерлік даму деңгейі, дербес ойлау дәрежесі артады, ізденушілік сипаттағы тапсырмаларды орындауға қызығушылық пайда болады, әуесқойлық, өзіне деген сенімділік, нанымдылық қалыптасады.

Шығармашылық әрекетті оқыту технологиясының мақсаты әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін ойлаған деңгейге дейін көтеру емес, табиғи қасиеттерінің анықталуына көмектесу болып табылады.

Мен ойынның көмегімен оқушылардың жеке басының шығармашылық әлеуетін анықтауға, дамытуға және күшейте түсуге тырысамын, өйткені ойын дамытуға, өмірлік тәжірибесін байытуға жәрдемдеседі, шынайы өмірдегі әрекеті табысты болуы үшін негізін даярлайды. Ойын үстінде адам өмірі мен әрекеті, оқушылардың зияткерлік, адамгершіліктік және эмоциялық даму нормасы қайталанады. Ойын сабақтың кез келген типі және кез келген кезеңі үшін жарамды.

Сөйтіп, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ойын түрлері арқылы **дамытудың негізгі мақсаттары** төмендегідей:

оқытушылық – оқытудың белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету, өтілген материалды қорыту және бекіту;

тәрбиелік – ойын барысында дүниеге эмоциялық-құндылықтық қарым-қатынасын қалыптастыру;

дамытушылық – бітірушінің барабар әлеуметтік өзін-өзі бағалауын қалыптастыру үшін жалпыадамзаттық қабілеттерін дамыту.

Ойын түрінде құрылған сабақ оқу процесінің басымдықтарын – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастыруға қарай өзгертеді. Бұл жағдайда білім мен біліктерді бүкіл сабақ бойы пайдалану талап етіледі.

Ойын арқылы оқыту процесінде қарым-қатынас стилі мен сипаты, сондай-ақ педагог қызметі өзгереді: ол сабақта ұйымдастырушы, үйлестіруші және кеңесші

рөлін атқарады. Ойында бірде-бір оқушы елеусіз қалмайды (дәстүрлі сабақтан ерекшелігі), әрқайсысынан жаңа шығармашылық бастама талап етіледі.

Ойын барысында жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті ашылып, жетілуі үшін, мен әртүрлі – зияткерлікті-қисындылықты, зияткерлікті-эвристикалықты, байланыстырушы-шығармашылықты шығармашылық тапсырмаларды пайдаланамын. Осы тәсілдерді пайдалану арқасында шығармашылықты жеке тұлға сапалары: әуесқойлық, бақылағыштық, елес, қиялдары дамытылады. Бұл кездежеке тұлғаның мүмкін қабілеттеріне әсерін тигізетін ойлауы ешкімге ұқсамайтын, дербес болады.

Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту үшін, мен колледжде география курсының өне бойында ойын түрлерін қолданамын. Оқытуды мен әртүрлі: сюжеттік-рөлдік, іскерлік, блиц-ойындар, т. б. ойындармен түрлендіруге тырысамын. Дегенмен де әрбір география сабағында ойын өткізу ақыр аяғында пәнге деген қызығушылықты төмендетуі мүмкін деп есептеймін. Сондықтан да мен ойын-сабақты тек кейбір кезеңдері ғана ойын түрінде өткізілетін дәстүрлі сабақ түрлерімен кезектестіріп отырамын. Мысалы, сабақтың білімді тексеретін тұсында «Не? Қайда? Қашан?» ойынын өткіземін, бұл түрдің білімге бақылау жасауда артықшылығы бар. Әрі бұл кезде оқушыларды барынша түгел қамтуға мүмкіндік бар және олардың пәнге деген танымдық қызығушылығы дамытылады.

Шығармашылық тапсырмалар төмендегідей болуы мүмкін.

«Жылдың үздік туристік фирмасы» тақырыбындағы сабақ үлгісі.

Сабақ «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» курсының шеңберінде, «Халықаралық экономикалық байланыстар географиясы» тақырыбын өткеннен кейін жүргізіледі.

Дайындық кезеңі

Өткен сабақта оқушылар 5 аралас (білімділік деңгейлерін ескере отырып) топтарға бөлінген болатын. Бір туристік фирма болып табылатын әрбір топ өзінің атауын, логотипін және ұрансөзін ойластырып, президентін сайлайды (ол команда капитаны болады). Соған қоса команда халықаралық туризм жоғары деңгейде дамыған бес елдің бірі бойынша туристік маршруттарын анықтайды (Франция, АҚШ, Испания, Италия, Венгрия), таңдап алынған елдің неғұрлым белгілі көрнекті жерлері туралы кроссворд құрастырады (7 сөзден аспайтын).

Туристік маршрут көрнекілік түрінде безендіріледі. Мен қандай да бір ел бойынша маршрут жасау үлгісін ұсынамын, ал команда, осыған қарап, өз нұсқаларын даярлайды.

Кроссворд жасау үшін, топ «өз» елінің көрнекті жерлерін жақсы білуі тиіс, сондықтан мен оқушылар осы тапсырмаға дайындалуда қажетті материал жинай алатындай тиісті әдебиетті атаймын.

Күшті оқушылар құрамынан 3 адам әділқазылар құрамына сайланады, олар сөйлеу уақытын бақылап, топтар жұмысына баға береді.

Тапсырма берілгенде қағазға басылған талаптар таратылады.

Проблеманы ашу мазмұнына қойылатын талаптар:

– материалды баяндау дәлелділігін көрсету;
– талдау жасау, жалпылау және қорытынды жасай білу біліктерін көрсету;

– дүниежүзінің саяси картасын және алдын ала дайындалған көрнекіліктерді пайдалану.

Ұсынылатын жұмысқа қойылатын талаптар:

– баяндау нақтылығы;
– уақыттан шықпау;
– өз проблемасын безендіру және баяндау ерекшелігі.

Жәрмеңкеге қатысушылар тәртібіне қойылатын талаптар:

– презентацияға барлық фирма қызметкерлерінің қатысуы;
– проблеманы талқылау кезінде сыпайылық танытуы.

Ең басында фирма өкілдері таныстырылады.

Ойын мақсаты – негізгі мәселелерді шешу: әлемнің қай аймақтары негізгі халықаралық туристер ағынын қабылдайды? Бұл неге байланысты?

Ойын барысы

Жүргізуші: Біздің сабағымыз елдер арасындағы экономикалық байланыстың бір түрі ретіндегі халықаралық туризмге арналады. Халықтардың жағдайы, мәдени сұраныстары өсіп отырған қазіргі кезеңде туризм көлігі кеңінен дамып отыр. Бірқатар елдерде ол мемлекетке айтарлықтай табыс әкелетін халықаралық мамандану саласына айналды (Австрия, Швейцария, Франция, Италия, Ватикан, Греция, Испания, Монако және т. б. елдерде).

Бүгінгі сабағымызды біз жәрмеңке түрінде өткіземіз. *Жәрмеңке* – жылдың бір мезгілінде, белгілі бір жерде, белгілі мерзімде өткізіліп тұратын мерзімдік базар. Жәрмеңкенің мақсаты – оның қатысушылары-экспоненттерге өз өндірісінің үлгісін көрсету, сауда және басқа мәмілелерін жасау мақсатында жаңа жетістіктерін жайып салу.

Біздің жәрмеңкемізде өз қызметкерлерімен бірге үш жетекші туристік фирма шығып отыр.

Біз жылдың үздік туристік фирмасын анықтауымыз керек. Тұсаукесерде барлық фирмалар белгілі бір талаптарды сақтауы тиіс *(қағазға басылып, жұмысшы топтар мен әділқазылардың қолдарына берілген талаптар оқылады).*

«Визит карточкасы» конкурсы

Әрбір топ өз туристік фирмасының президентін, оның атауын, логотипі мен ұрансөзін таныстырады.

Таныстыру мерзімі – 3 минут. Ең жоғары балл саны – 5.

«Туристік маршрут» конкурсы

Топтар өздерінің таңдап алған елі бойынша ерекше маршрутын өз қолдарымен жасаған көрнекі материалдарды пайдалана отырып таныстырады.

Мерзімі – 7 минут. Ең жоғары балл саны – 10.

«Бізге бейтаныс, ал мүмкін ...» конкурсы

Командалар алдын ала жасалған кроссвордтарын алмасады.

Шешу уақыты – 5 минут. Ең жоғары балл саны – 7 (әрбір дұрыс жауап үшін – 1 балл).

«Жарнама» конкурсы

Берілген сөздерден жарнама құрастыру.

Сөздер: *қала, бақыт, шөп, автомобиль, шу, палатка.*

Жұмыс уақыты – 5 минут. Ең жоғары балл саны – 7.

Қорытынды кезең

Ойын соңында әділқазылар алқасы қатысушы командаларға санаттар бойынша 1, 2 және 3-орындарды үлестіреді. Сабақ бойынша әрбір оқушыға қорытынды баға шығарылған кезде оның топтағы жұмыс дәрежесі ескеріледі (бұл бағаны топ болып талқылап, өздері қояды) және, тиісінше, осы топтың ойында алған орны анықталады.

Сөйтіп, ойынның көмегімен оқушылардың шығармашылық әлеуетін анықтап, дамытуға болады, өйткені оқытудың ойындық түрі арқылы ойлау әрекеті қалыптасады және қосымша ақпарат іздестіру бағыты анықталады. Топтық ойында оқытудың көптеген принциптері жүзеге асады. Сонымен қоса, ойынның эмоциялық әсері арқасында оқушылар өздерінің өмірлік тәжірибесін байыта түсетін ашылулар жасайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

2010 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

Жазылу индексі – 74133

«Сынып жетекшісінің анықтамалығы» журналы
қазақ және орыс тілдерінде шығады

Тел. +7 (727) 32-36-212, skr@mcfr.kz

KAZAKHSTAN

ЭКОНОМИКА ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫС

В. С. Пак,
ММ № 2 мектеп – балабақша – гимназия кешені директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары, Өскемен қ.

Мақалада экономика пәні бойынша сыныптан тыс жұмыс арқылы оқушылардың дарынын жетілдіруге ықпал ететін мектеп білім кеңістігін қалыптастыру тәжірибесі берілген.

Ақпараттық (постиндустриалдық) қоғамның негізгі сипаты адам баласының өмірлік мақсаттар мен міндеттер қоюда, өздігінен шешім қабылдауда жауапкершілікке және алуантүрлілікке дайын болу, сондай-ақ өз әрекеттерінде, бағалау мен пайымдауларында еркін болу қажеттілігі болып табылады. Постиндустриалдық қоғам әр қилы қызмет түрлерінде өз қабілеттерін аша білетін жауапты, өздігінен өркендеп, өздігінен дамушы тұлғаны қажет етеді.

Оқушы қабілетін дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерін жаңғыртуға бағытталған нормативтік құжаттарда да белгіленген. «Жалпыұлттық деңгейде 12 жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне тиімді түрде араласуға сақадай сай, әрі бәсекеге қабілетті тұлға даярлау» делінген аталмыш құжаттарда. Сонымен қатар тиімді қызмет етуге дайын жетік, белсенді, шығармашыл тұлға қалыптастыруға ықпал ету қажет.

Оқушылардың дарындылығын анықтау және дамыту үшін мазмұнды және өнімді білім кеңістігі болуы шарт. Ол қалыптасқан және қалыптасушы ортаның түйісетін, олардың бірлескен қызмет пәнін бірігіп жобалап, құратын және олардың арасында белгілі бір байланыс пен қарым-қатынас орнына бастайтын жерден басталады.

Оқу үрдісі – оқушылар әрі қарай табысты түрде қоғамға кірігуі үшін қажетті білім, білік, дағдыларды игеретін орта. Алайда белгілі бір тәртіпке келтірілген оқу үрдісінің қатаң шеңберлері көбінесе қағаздағы бақылау өлшемдеріне бағытталады, жеткілікті түрде оқушылардың қабілетін дамытумен шұғылдануға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда білім кеңістігі сыныптан тыс жұмысты жетілдіру есебінен молыға түседі, онда қалыптасушы және қалыптасқан тұлғаның өнімді өзара байланысына қажетті мүмкіндіктер басқаша сапалы сипатқа ие.

Оқушылардың білім және білік деңгейі, оның жетіктігі сабақта қалыптасады, субъектілік тәжірибені жүзеге асыру, оқушылардың пәндік білімге құнды қатынасын дамыту мұғалімнің сыныптан тыс жұмысы барысында жетіледі.

Педагогтердің көпшілігі сыныптан тыс жұмысқа мұғалімдер ұжымы және оқушылардың оқу жоспары мен міндетті бағдарламадан бөлек ерікті негізде, қатысушылардың барлығының мүдделері мен оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, сабақтан тыс уақытта жүзеге асыратын оқу-тәрбие үрдісі ретінде қарайды. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру кезінде оқушылардың танымдық құндылығы мен тартымдылығы қатынас жүргізу қажеттілігін туғызатын, оқушының қатынас жасай білу жетіктігін дамытатын жаңа материалдарды пайдалануға ынталандыратын және тартатын қағида ретінде оқушылардың қатынас жүргізу белсенділігін де ескерген жөн.

Пән бойынша сыныптан тыс жұмысты жоспарлау және өткізуде әрбір шара мектептің оқу-тәрбие үрдісіне оңтайлы үйлескен жағдайда маңызды және тиімді болатынын назарда ұстау қажет. Осыған байланысты сыныптан тыс жұмыстың барлық түрлері мектеп әкімшілігі тарапынан үйлестірілуі және сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарымен, мектептің қосалқы басқару қызметімен дұрыс сәйкесуі тиіс.

Гимназиямызда сыныптан тыс жұмыс кезінде білім беретін ортаны жобалау және құру қалай жүзеге асырылады?

Гимназия оқушылардың қабілетін дамытумен белсенді түрде жұмыс жүргізеді, ол субъектілі экономикалық тәжірибе қалыптастыруды да қамтиды. Экономикалық тәжірибе – ұйымдастырылған экономикалық білім беру және мектеп ұжымы жағдайындағы тәрбиелеу, қолжетімді экономикалық мәселелерді шешу бойынша олардың түрлі қызметтерін жүзеге асыру үрдісінде алған қоршаған орта заңдылықтарын оқушылар санасында жаңғырту.

Біздің гимназияда оқушылардың экономикалық білімі басым (бейінді) бағыт болып табылады. Ол оқушылардың экономикалық білімді терең түйсіне білуіне, оны тұжырымға айналдыруға және түрлі қызметте (оқу, еңбек, қоғамдық-пайдалы, жеке кәсіпкерлік және т. б.) жүзеге асыруға бағытталады.

Экономикалық білім берудің қолданбалы сипаты гимназия оқушыларының экономикалық дәрежеде ойлай білу, өз бетінше және жедел шешім қабылдау, қатынас жасау білігін, бәсекеге қабілеттілік, кәсіпкерлік дарындылықтың құрылымдық құрамы болып табылатын субъектілік көрсеткіштерді дамытуға мүмкіндік береді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, «Экономика және қаржылық сауаттылық» пәнінің мазмұны гимназияда 4–6-сыныптарда 0,5 сағаттан «Әлем тану» (4-сынып) және «Технология» (5–6-сынып) пәндерін

оқытуда енгізілген. «Технология» пәнімен біріктіру есебінен 7–9 сыныптарда бір жыл бойы 0,5 сағаттан Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері бойынша сабақтар енгізілген. Экономика 10–11 сыныптарда технология сабағында оқытылады. Мектеп бітірушілер жалпы орта білім туралы аттестатпен бірге орта және шағын бизнес менеджері сертификатын алып шығады.

Пән бойынша сабақтан тыс қызмет сабақтың жалғасы болып табылады. Гимназияда оқушылар түрлі бағыттар бойынша белсенді сабақтан тыс қызметке тартылады. Гимназия оқушылары қалалық пән олимпиадаларына, ғылыми жобалар конкурстарына, «Восток» орталығы өткізетін облыстық мектеп олимпиадаларына, «Дарын» орталығы өткізетін барлық интеллектуалдық конкурстарға табысты түрде қатысады. Гимназия командасы Бердск қаласындағы «Арманға қадам аттау» халықаралық экономикалық олимпиадасына он бірінші рет қатысты. Біздің гимназия оқушылары экономика және менеджментті үлгілеу бойынша бүкілресейлік чемпионаттан да сырт қалмайды.

Оқушылар гимназияның «Экон» республикасына біріккен өзін-өзі басқару органдарының жұмысына атсалыса отырып, өмірлік белсенді ұстаным және субъектілік қабілетті қалыптастыру бойынша жақсы мектеп жолынан өтеді, бұл белгілі бір деңгейде олардың ұйымдастырушылық және қатынас жасай білу қабілеттерін дамытады. «Экон» республикасы – өзін-өзі басқару органы болумен қатар, оқушылар экономикалық өзара байланыс тәжірибесін жинақтайтын ойын.

Оқу жылының басталуымен әрбір сынып «экондар» жинай бастайды. Бұл «экондар» жақсы үлгерімі үшін, мектеп қызметіне көмектескені үшін, мектептегі және мектептен тыс түрлі шараларға қатысқаны үшін және т. б. беріледі.

«Экондар» дәстүрлі түрде өткізіліп отыратын «Гимназия күнінде» саудасаттыққа шығарылады. Бұл шараны экономикалық білімдер онкүндігі кезінде гимназия оқушыларының қосалқы басқармасы өткізеді. Мұнда шынайы экономикалық қатынастар көрсетіледі, оқушылар жетістікке жету үшін өздерінің интеллектуалдық және күш-жігер қабілетін пайдаланады. Ең бастысы – оқушылардың экономикалық сипаттағы оқиғаларға, міндеттерге, шараларға, шығармашылық конкурстарға тікелей қызығушылығы қамтамасыз етіледі, жаңаша ойлау қабілеттері дамиды және т. б.

Гимназия күнін өткізу кезеңінде оқушылар түрлі конкурстарға және мұғалімдердің, өзін-өзі басқару органдарының тапсырмаларын бөлумен айналысатын «Еңбек биржасы» жұмысында «экондарға» ие бола алады.

ЕСТЕ БОЛСЫН

Шаралар жоспарлау, әзірлеу және өткізуді оқушылар мұғалімдермен бірлесіп жүргізеді. Қосалқы басқару шараларға дайындық үрдісін бақылайды, жұмыс учаскелерін бөледі және гимназия оқушыларының бір күн бойғы қызметін бақылауы тиіс өз өкілдеріне белгілі бір құзырлар береді. Бірлескен шығармашылықтың дәл осы кезеңі оқытудағы субъектілік тәсіл идеясын жүзеге асыру үшін маңызды, өйткені мұнда шынайы өзара байланыс жүреді, оқушылардың жеке қабілеттері шыңдалады.

Оқу-еңбек практикасын өткізуді де атап өткен жөн. 10-сыныптарда бұл практика экономика, экономикадағы математикалық әдістер, информатика және іскерлік ағылшын тілі бойынша бейінді курстар түрінде өткізіледі. Экономика пәнінің мұғалімі Н. Н. Симонова жазғы практикаға арнап бағдарлама әзірледі. Оған бизнесті ұйымдастыру және экономикалық міндеттерді шешу, интерактивті ойындар («Менеджмент және экономикалық үлгілеу», «Банктер іс-қимылы», «Келешекке инвестиция салу», «Қор нарығы» және т. б.) қолдану бойынша практикалық жұмыстар енгізілген.

Осы курс барысында оқушылар жаңа біліммен сусындайды, қызметтер нарығы мен алынған статистикалық мәліметтерді өңдеуге зерттеулер жүргізу аясында өздерінің өмірлік тәжірибелерін байытады. Мұнымен қоса, олар сауалнамалар жүргізу кезінде қала тұрғындарымен тікелей қатынас жасау, өздерінің интеллектуалдық, ұйымдастырушылық қабілеттерін практикада қолдану мүмкіндігіне ие болады. Қоғамда болып жататын көптеген үдерістерді олар экономикалық тұрғыдан дұрыс бағалауға үйренеді. Оқушылар жазғы практикада экономика бойынша зерттеу жобаларын әзірлейді, бұл жобаларымен мектеп және қалалық жобалар сайысына қатысады.

Экономикалық білім басым бола отырып, мектепте білім берудің жан-жақты мазмұнын көмескілемейді, керісінше оған өзіндік әр беріп, гимназия келбетін қалыптастырады.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Мектеп тамағы 30 теңге

Мектеп тамағын ең аз бағаға ұйымдастыруға тендер жариялау тәжірибесі өсіп келе жатқан организм үшін өте қауіпті. Орал қалалық мәслихатының депутаттары өздерінің кезекті сессиясында осындай қорытынды жасады.

Сөйтсек, аталған тендерді бүгінде оқушыларды күніне 100 теңгеге емес, бар-жоғы 30-40 теңгеге тамақтандыруға даяр кәсіпкерлер ұтып алатын көрінеді. Бұл жағдай биліктің мектеп асханаларын толыққанды тамақпен қамтамасыз ету туралы ойын түбірімен жоққа шығарады.

Бұл мәселе бойынша педагогтерді ғана емес, әлеуметтік жұмыс тобын да тартып, егжей-тегжейлі зерттеу жүргізуге ұсыныс жасалды.

Халық қалаулыларының пікірінше, мектептердегі ауызсу сапасы да сын көтермейтін көрінеді. Сондықтан да бұл жерде санэпидемстанция мен сараптама бөлімі және стандарттау мамандарының қатысуымен кешенді жұмыс жүргізілуі тиіс.

Мұқият тексеріс негізінде мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердегі ауызсуды тазарту жөнінде тиісті шаралар қабылданады. Айта кетерлік жайт, қаланың бес мектебінде асхана атымен жоқ, балалар қарапайым буфет дәмін қанағат етіп жүрген жайы бар.

Экспресс К газеті

ЭКСПЕРИМЕНТТІК САБАҚТАР ЖӘНЕ КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАР ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

(пән мұғалімінің тәжірибесінен)

А. И. Семке,
№ 11 МББМ директоры, Кубань қаласының еңбегі сіңген мұғалімі, Ресей – 2000 жыл мұғалімі, Я. Корчак атындағы сыйлықтың лауреаты, Краснодар өлкесі, Ейск қ.

Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндірген кезде қажетті түсініктер мен практикалық тапсырмалар бере тұрып, өтілген материалды дұрыс әрі толық түсінуге қол жеткізуі, үлгірмейтіндер мен қабілетті оқушылардың қажеттіліктерін ескеруі, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуы тиіс. Белсенді жұмыс түрі қолданылатын эксперименттік сабақ және интеграциялық сабақ осы және басқа көптеген танымдық және білімдік сәттерді жетілдіруге бағытталады.

Сабақта **белсенді жұмыс түрін қолдану арқылы** мұғалім өздігінен білім алу және жаңа материалды жүйелі оқып-үйренуге жағдай жасайды. **Танымдық міндеттерді шешу кезіндегі жағымды тәрбиелік әсер** құндылық бағдарларын түсіну кезінде, яғни сабақтың мазмұнды құрылымына әрбір баланың қатысуы кезінде пайда болады. Оқушының сабақтағы құрауышты жұмысын дамытатын **ой әрекетін белсендіру арқылы** оқу әрекетінен жоғары нәтижеге, білім беру даярлығы мен тәрбиеліліктің жоғары деңгейіне қол жеткізуге болады.

Менің ойымша, физиканы оқыту Табиғатты танудан басталуы тиіс. Тірі және елі табиғат құпияларын аша отырып, адам көптеген сұрағына жауап табады және пәннің практикалық мәніне көз жеткізеді.

Эксперименттік сабақ және кіріктірілген сабақ сияқты сабақ түрлерін жүргізудің кейбір тәсілдері мен әдістерін қарастыра отырып, мен пән мұғалімдерінің арсеналынан берік орын алған **оқытудың ойын түрін** қолданбай тұра алмаймын. Бұл формалар ой және таным әрекеттерін белсендіреді, емін-еркін жағдайда оқыту процесін ынталандырады. Бұл кезде әрбір баланың ақыл-ой және шығармашылық әрекетке жұмылдырылуы өте маңызды. Ойын түрлері әмбебап, олар сабақ элементтері ретінде, дербес сабақтар немесе сыныптан тыс шаралар түрінде қолданылуы мүмкін.

Психологтар түсіндірмелі-иллюстрациялық және сөйлеу әдістері, «мен сияқты жаса» көрсетілімі баланың ойлау қабілетін дамыта алмайды деп есептейді. Ойын арқылы оқыту ой әрекетінің белсенділігін дамытып қана қоймай, баланы қосымша ақпарат іздестіруге бағыттайды. Топпен ойындар «қарым-қатынас арқылы оқыту», «әуестік арқылы оқыту» принциптерін жүзеге асырады. Ойынның эмоциялық тиімділігі ойынға қатыса отырып, оқушы ашатын ашылулар болып табылады.

Физика сабағында төмендегідей ойын түрлерін пайдалануға болады:

– ***логикалық***, яғни адамның зияткерлік әрекетті жүзеге асыруға қабілетін дамытуға қабілетті ойындар. Мысалы, дербес жұмыс үшін логикалық **«Үшінші артық»** ойынын ұсынуға болады. Сөздер тобынан артық сөзді алып тастау: шынжырлы таразы, стақан, мензурка, ареометр; масса, көлем, тығыздық, күш; миллиграмм, тонна, литр, пұт; темір, су, тығын, фарфор;

– ***зияткерлік***, ол біліктілік жасауға қабілетті, яғни оқу процесі барысында стереотипті және өзгерісті жағдайларда (проблемалық жағдайда) танымдық және шығармашылық сипаттағы оқу тапсырмаларын шешуге қабілетті. Бұл қабілеттілік алынған білімдер мен дағдыларды белсендіру, пәнді меңгеру әдістерін, тәсілдері мен құралдары жүйесін шығармашылықпен пайдалануға негізделген, ол оқушылардың оқуда және өмірлік тәжірибеде дербес ақыл-ой және практикалық әрекеттерге даярлығын қамтамасыз етеді. **Физика сабағындағы зияткерлік ойын мысалы.** Бірінші болып Жердің Ғаламдағы өз орны туралы идеядан бас тартқан ғалымды ата. Бұл ғалымның жүйесінде Жер басқа да планеталар сияқты, Күннің осін айнала және өз осін айнала қозғалады. Өз идеясын ол бірінші рет «Аспан қозғалыстарына қатысты жорамалдарға кішігірім түсініктеме» атты қолжазба еңбегінде 1515 ж. жариялаған (ғалымның аты-жөні – Николай Коперник);

– ***рөлдік*** (ағыл. *Role-playing game*, бұдан әрі – RPG) – білімдік немесе көңіл көтеру мақсатындағы ойындар, онда ойынға қатысушы қандай да бір рөлді алып, соған байланысты ойнайды. RPG қатысушылар сырттан таңылған сценарийлік мінез-құлыққа бағынбайды, ал оқиғаның дамуы ойыншылардың әрекетіне байланысты болады. Сөйтіп, ойын процесінің өзі адамдар тобының қандай да бір жағдайдағы мінез-құлқын үлгілеу болып табылады. RPG сюжеті мен әлемі рөлдік ойынның негізін құрайды. Әлем толығымен ойдан шығарылған немесе қандай да бір көркем шығармаға негізделген болуы мүмкін (кітапқа, фильмге, пьесаға, т. б.). Рөлдік ойынның басты міндеті әлемді зерттеу болуы мүмкін, сондықтан рөлдік ойынды физика сабағында табысты пайдалануға бо-

3—977

лады. Ойын сюжеті мен тақырыбын мұғалім оқушылармен бірлесе жасап, анықтап алады, содан кейін оның негізгі бағыттарын басшылыққа алып отырады;

– ***дидактикалық ойындар*** оқытудың ең бір тиімді құралдарының бірі болып саналады. Егер сабақ барысында педагог тікелей оқытуды жүзеге асыратын болса, дидактикалық ойында танымдық міндеттер (мысалы, заттың қасиеті мен сапасын анықтау, әртүрлі заттарды жіктеу немесе топтау) ойынмен ұштастырылады (жауабын табу, рөлді орындау, жарысу, т. б.), осының барлығы дидактикалық ойынды оқытудың ерекше түріне айналдырады, яғни білімді жеңіл, жылдам әрі алдын ала даярлықсыз меңгеруге көмектеседі. Дидактикалық ойындардан тұратын сабақты жоспарлаған кезде бағдарламалық мазмұнын ғана емес, ойындық міндеттері мен әрекеттерін де, ойын ережесін де ескеруі керек, әйтпесе оның бұзылу процесі басталады. Әрбір дидактикалық ойынның негізінен екі-үш міндеттері болады, олар ойын барысында анықталады. Дидактикалық ойынды пайдаланған кезде мұғалім белгілі бір педагогикалық принциптерді сақтауы тиіс:

1) бұған дейін балаларда болған, тікелей қабылдау жолымен алынған білімге сүйену;

2) дидактикалық міндет айтарлықтай қиын, сонымен бір мезгілде қолжетімді болуын қадағалау;

3) ойын әрекеті мен оның әртүрлілігіне қызығушылықты бәсеңдетпеу;

4) дидактикалық тапсырма мен ойын әрекеттерін біртіндеп күрделілендіру;

5) ережені нақты әрі анық түсіндіру.

Физика сабақтарында, мысалы, сынып оқушылары түгел қатысатын **«Формулалар текшесі»** дидактикалық ойынын өткізуге болады. Алдын ала текше дайындалып, оның қырларына формулалар жазылады. Оқушылар текшені иіріп, беткі қырында жазылған формуланы оқиды. Ойын формулаларды есте жақсы сақтауға көмектеседі. Текше қырларына терминдерді, өлшем бірліктерін жазуға, саймандар суретін салуға болады, т. б.

Ойынның балаларды дамытуға көмегі зор. Ойынның негізіне шынайы өмір алынады. Сондықтан да бұл оқушыларға сабақта эмоциялық көтеріңкі көңіл күй сыйлайды, жұмыс қабілеттерін арттырып, ол шығармашылыққа ұласады. Ал жаңа нәрсе қашанда әуесқойлықты немесе білуге құмарлықты қоздырады, олар өз кезегінде жаңа білім алуға ұмтылысты тудырады.

Енді **кіріктірілген** типтегі сабақты қарастырайық. Бұл бір ұғымды, тақырыпты немесе құбылысты зерттеу барысында бір мезгілде бірнеше пәндер бойынша білім беруді біріктіретін ерекше сабақ түрі екені белгілі. Мұндай сабақта кіріктіруші болып табылатын жетекші пән алға шығады және жетекші пән материалын тереңдете, кеңейте, нақтылай түсуге мүмкіндік беретін қосымша пәндер анықталады.

Кіріктірілген сабақтар өте әртүрлі пәндерді біріктіруі мүмкін, сондай-ақ тек жекелеген құрамаларын – мазмұнын, әдістерін алуы да мүмкін. Мысалы, жетекші пәнді оқыту әдістерін сақтай отырып, пәннің мазмұнын кіріктіруге болады. Физика мен әдебиет, физика мен биологияны кіріктіруге болады. Айталық, физика сабағымен кіріктіргенде әдебиет жетекші пән болып,

оған тән әдістемелер сақталады. Тақырыпты ашқан кезде оған зерттелетін физикалық құбылыстарды көркем түрде сипаттайтын немесе ишаралайтын өлеңдер қосылады.

Ой әрекетін белсендіру үшін мен **«Блиц-сауал» ойынын** пайдаланамын. Алдымен мен сұрақ қоямын, содан кейін әр топ кезегімен басқа топтарға сұрақ қояды. Әрбір дұрыс жауабы үшін топ жетон алады. Бұдан әрі жауаптарды, оқушылардың немесе топтардың ой әрекетін, идеялардың ерекшелігін, тіпті мұғалімнің түсіндіруге тырысуын да бағалау жетондар көмегімен жүзеге асырылады. Неғұрлым көп жетон жинаған оқушы немесе топ сабақ соңында «өте жақсы» деген баға иеленеді. Жетондар түсі бойынша ерекшеленеді: оқушы жетоны – қызыл түсті, топты бағалайтын жетон – қызғылт түсті.

Сұрақ үлгілері.

1. Ф. И. Тютчев өлеңінен.

Аянышты Жер беті,
Әуе көктем аңқиды,
Қураған сабақ изеңдеп,
Шыршалар қолын бұлғайды...

Сұрақ: Қураған сабақтың, шырша бұталарының изеңдеуі қандай қозғалыс түріне жатады?

Жауап: Еріксіз қозғалыс түріне.

2. В. Кочетковтың «Епифанов мысы» өлеңінен.

Желтоқсанда,
Қасқырлар тыншығанда,
Наурызда
Самарлық Еділ бойы
Көктайғақ жамылғанда
Епифанов мысы басады әнге.
Кішілері шырылдай дыңылдайды,
Ірілері алыпша гүрілдейді.
Шоқынып ап,
Кемпірлер күбірлейді:
– Қарай ғойшы әншісін антұрғанның!

Сұрақ: Қоңырауды діріл көзі деуге бола ма?

Жауап: Иә.

Блиц-сұрақтың жалғасы ретінде **«Шифрлеу»** ойынын ойнатуға болады. Топтарға әріп жазылған карточкалар таратылып беріледі де, бір минут ішінде осы әріптерден 3 физикалық термин құрап, оларға анықтама берілуі тиіс.

А	У	,	Р	Т	Е	О	Т
Ч	,	Д	М	А	С	П	А
А	Д	О	И	И	Т	Л	П

оған тән әдістемелер сақталады. Тақырыпты ашқан кезде оған зерттелетін физикалық құбылыстарды көркем түрде сипаттайтын немесе ишаралайтын өлеңдер қосылады.

Ой әрекетін белсендіру үшін мен **«Блиц-сауал» ойынын** пайдаланамын. Алдымен мен сұрақ қоямын, содан кейін әр топ кезегімен басқа топтарға сұрақ қояды. Әрбір дұрыс жауабы үшін топ жетон алады. Бұдан әрі жауаптарды, оқушылардың немесе топтардың ой әрекетін, идеялардың ерекшелігін, тіпті мұғалімнің түсіндіруге тырысуын да бағалау жетондар көмегімен жүзеге асырылады. Неғұрлым көп жетон жинаған оқушы немесе топ сабақ соңында «өте жақсы» деген баға иеленеді. Жетондар түсі бойынша ерекшеленеді: оқушы жетоны – қызыл түсті, топты бағалайтын жетон – қызғылт түсті.

Сұрақ үлгілері.

1. Ф. И. Тютчев өлеңінен.

Аянышты Жер беті,
Әуе көктем аңқиды,
Қураған сабақ изеңдеп,
Шыршалар қолын бұлғайды...

Сұрақ: Қураған сабақтың, шырша бұталарының изеңдеуі қандай қозғалыс түріне жатады?

Жауап: Еріксіз қозғалыс түріне.

2. В. Кочетковтың «Епифанов мысы» өлеңінен.

Желтоқсанда,
Қасқырлар тыншығанда,
Наурызда
Самарлық Еділ бойы
Көктайғақ жамылғанда
Епифанов мысы басады әнге.
Кішілері шырылдай дыңылдайды,
Ірілері алыпша гүрілдейді.
Шоқынып ап,
Кемпірлер күбірлейді:
– Қарай ғойшы әншісін антұрғанның!

Сұрақ: Қоңырауды діріл көзі деуге бола ма?

Жауап: Иә.

Блиц-сұрақтың жалғасы ретінде **«Шифрлеу»** ойынын ойнатуға болады. Топтарға әріп жазылған карточкалар таратылып беріледі де, бір минут ішінде осы әріптерден 3 физикалық термин құрап, оларға анықтама берілуі тиіс.

А	У	,	Р	Т	Е	О	Т
Ч	,	Д	М	А	С	П	А
А	Д	О	И	И	Т	Л	П

Жауап: амплитуда, период, частота.

«Шифрлеу» ойынынан кейін топтарға **«Формула білгірлері»** конкурсы ұсынылады. Балаларға дене шамалары белгіленген карточкалар таратылып беріледі де, олар одан формула құрап, оны оқуы тиіс.

T	t	N	v	1/T
1/v	T	t	N	v

Тақырыпқа байланысты кіріктірілген сабақтарда кішігірім **терминдер сөздігін** жүргізген дұрыс, мысалы:

метроном (грекше *metros* – өлшем, *nomos* – заң) – такт үлестері санын анықтаумен айналысатын құрал;

диапазон (грекше *dia pason* – барлық ішек арқылы) – дауыстың немесе музыкалық аспаптың дыбыс көлемі;

вибратор (лат. *vibrare* – қозғау, тербету, дірілдету) – діріл тудыратын жүйе немесе құрылғы;

акустика (грекше *akuo* – естимін) – дыбыс туралы ғылым.

Кіріктірілген сабақтар барысында оқушылар бұл ақпараттарды шоғырландыра және жинақтай отырып, ақпарат көзін зерттейді, содан кейін басқа топтар назарына ұсынады. Ақпараттық шайқас барысында (мен сабақтың бұл кезеңін осылай атаймын) оқушылар өздері ұсынатын эксперименттік жұмыстар атқарылады.

Кіріктірілген сабақтарда мен классикалық әдеби деректерден үзінді келтіруге, физикалық құбылыстарды биология, тарих және басқа ғылымдар мысалы негізінде қарастыруға тырысамын. Бұл сабақ типінің ерекшелігі нақ осында екенін естеріңізге сала кеткен артық болмас.

Тағы бір сабақ типі – **эксперименттік сабақ**. Сабақ жоспарының әдеттегі кезеңдерінен басқа (ұйымдастыру бөлімі, білімді бекіту, т. б.) мен өзімнің, өзім жасаған, мысалы, ***«Танымдық беттерін»*** енгізуге тырысамын. Мысалы, «Магниттер» тақырыбы бойынша мен оқушыларға аталған тақырып бойынша («Техникадағы электромагниттер», «Спортшыларды жаттықтыратын магнит» және т. б.) алдын ала дайындалған сыныпта презентация өткізу сияқты жұмыс түрін өткіземін. Дайындық кезінде балалар ақпараттың әртүрлі көздерін: кітапхана ресурстарын, электрондық оқулықтарды, Интернет, видеотеканы, мультимедиялық ақпарат көздерін пайдаланады. Проектордың көмегімен қысқа әңгімелер слайдтармен, сызбалармен, т. б. иллюстрацияланады. Сөйтіп, балалар ақпарат көздеріне талдау жасауға, оларды жіктеуге және жалпылауға, өтілетін материал презентациясын өткізуге үйренеді. Бұл кезде өз бетімен ойлау мен зияткерлік, сауатты сөйлеу дамитындығында сөз жоқ.

Эксперименттік сабақтарда, менің ойымша, оқушылар **топпен жұмыс жасауы тиіс.** Бұл жұмыс түрі сабақта білім беру міндеттерін шешумен қатар, жолдастық көмек сезімін тәрбиелейді және топтық жұмыс этикасын меңгеруге көмектеседі. Өтілетін эксперименттік сабақта топтар оқушылардың өз қалауы

бойынша құрылады, алайда барлық топтар тең дәрежеде болуы ескеріледі: олардың құрамында үздіктер, табысты оқушылар және сабаққа қиналатындар да болуы тиіс. Әрбір топта Интернетке қосылатын компьютер және басқа ақпарат көздері болуы тиіс. Белгіленген уақыт ішінде топтар қысқа әңгімелер (баяндама), танымдық ақпарат даярлайды.

Топтық жұмысты қосымша материал, көмекші құрал-жабдық пен ерекше бөлме қажет етпейтіндей етіп сауатты ұйымдастырудың маңызы зор, ол үлкен және кіші сынып бөлмелерінде өткізіле береді.

Топпен жұмыс мұғалімге білім беруге белсенді көзқарас ендіруге, ал балаларға – сыни ойлау, коммуникабельділік пен табыстылық дағдыларын қалыптастыруға, шешім қабылдауға және сыни ойлауға үйренуге көмектеседі.

Ең алдымен, топтар үлкен болмауы керек. Әрбір оқушы талқылауға қатыса алуы үшін топ мүшелерінің оңтайлы саны 3–4 оқушыдан аспағаны жөн. Балаларды бір-бірін жақсы көріп отыратындай етіп орналастыру қажет. Әрбір топтың өз лидері анықталады.

Өткізілген эксперименттік сабақтарымда мен белгілі бір тәжірибе түрі орындалатын эксперименттік міндеттерді енгіземін. Мысалы, сол «Магниттер» **тақырыбы бойынша мен төмендегідей тәжірибелер жасауды ұсынамын.**

Құрал-жабдық пен материалдар: өзекті магнит, компас, темір шеге.

Жұмысты орындау тәртібі

1. Магнитті компасқа бірнеше сантиметрлік қашықтықта жақындату. Магнитті қозғалта отырып, компас тілін бақылау керек. Қозғалған кезде бағдарша не істейді?

2. Темір шегені компасқа бірнеше сантиметрлік қашықтықта жақындату. Шегені қозғалта отырып, компас тілін бақылау керек. Қозғалған кезде бағдарша не істейді?

3. Магниттің бір шетімен шегені үнемі бір бағытта қозғай отырып жанап өту керек. Содан кейін 2-т. қайталаймыз. Компас бағдаршасы не істейді?

Адам құлағының құрылысына арналған сабақта эксперименттік сабақ алдында зияткерлік әрекетті белсендіру бағытында, мен балаларға кейіпкердің есту сезімдері сипатталатын көркем шығармадан үзінді табуға ұсыныс жасаймын.

М. Булгаков. Мастер мен Маргарита

Ол (Маргарита) уайымға беріліп, жабырқау тартты. Кенет таңертеңгі сезінген әлдене боларын күткендей елеуреу толқыны омырауынан түртіп өткендей болды: «Иә, бірдеңе болады!». Толқын түрткісі тағы қайталанды, сонда ғана ол оның дыбыс толқыны екенін аңғарды. Қала шуылы арасынан жақындап келе жатқан барабан дүңкілі мен аздап бұзылып шығатын труба дыбысы құлағына анық естіле бастады.

Сұрақ: Дыбыс толқыны басқалардан несімен ерекшеленеді? Дыбыс толқындарының ерекше сипаттамасын атаңдар. Неге біз трубадан шыққан дыбысты барабан дыбысынан ажырата аламыз?

Жауап: Дыбыс толқыны деп тығыз ортада таралатын, жиілігі 16-дан 20 000 Гц дейінгі толқынды айтамыз. Дыбысқа тән нәрселер – қаттылық, биіктік, тембр.

Жарық пен дыбыс жылдамдығын зерттеу кезінде оқушылар **А. С. Пушкиннің «Руслан мен Людмила»** поэмасынан үзінді талдайды:

Қатты гүрсіл тұманды тіліп өтті,
Шамдар сөніп, түтіні сыздықтайды...

Сұрақ: А. С. Пушкин суреттеген көрініс найзағайға ұқсайды. Егер автор сол найзағайды сипаттап отыр деп жорамалдасақ, алдымен гүрсіл естіліп, содан кейін найзағай жарығы көрінетіні дұрыс па?

Жауап: Жоқ, дұрыс емес. Алдымен біз найзағайды көріп, содан кейін ғана гүрсілді естиміз. Өйткені жарықтың жылдамдығы – 300 000 км/сек, ал дыбыстың ауадағы жылдамдығы – 340 м/сек, демек, жарық дыбыстан жылдам таралады.

Сөйтіп, физикадан кіріктірілген және эксперименттік сабақтардың кейбір әдістемелік тәсілдерін талдай келе, мен мұғалімнің міндеті – оларды барлық әдістермен жандандыру, практикалық мәнмен және танымдық әсермен нәрлендіру деп білемін. Ағылшын физигі Дж. К. Максвелл адамды ешқашан ойға алған эксперименттік жұмысынан бас тартуға үгіттеуге болмайды деген екен. Тіпті ол іздегенін таппағанның өзінде, басқа бір жаңалық ашып, мыңдаған пікірталастардан артығырақ пайда табуы мүмкін.

Мен физика мұғалімінің міндеті баланы қарапайымнан ерекшені, ерекшеден қарапайымды көре білуге үйрету екеніне күмәнсіз сенімдімін.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Бізді әрдайым өздеріңіздегі іс-шаралар: білім беру мекемесіндегі мерейтойлар, байқаулар, жергілікті, облыстық және республикалық конференцияларға шақырасыздар, сіздерге ол үшін айтар алғысымыз көп.

Арадағы ынтымақтастықтығымызға, алдағы уақытта да осы іс-шаралардың ақпараттық демеушісі рөлін атқаруға, оларды біздің аймақтарға іссапарлар жоспарына енгізуге қуаныштымыз.

Сіздерден өтініш: алдын ала ертерек ескертсеңіздер екен (мүмкіндігінше өткізілетін іс-шарадан 2 ай бұрын). Шақыруларды мына мекенжайға жіберіңіздер: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., Радостовец көшесімен қиылысы, 165 б / 72 г-үй, 712-кеңсе немесе электронды пошта: srou@mcfr.kz, madina@mcfr.kz.

Құрметпен Чолпан Исхакова,
бас редактор,
«Білім беру ресурстары» тақырыптық бағытының жетекшісі

ТОПТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІ

Б. Г. Айманова.
№ 32 мектеп-гимназиясы жоғары біліктілік деңгейдегі жоғары санатты информатика мұғалімі, Астана қ.

К. М. Батырова.
Д. Қалматаев атындағы мемлекеттік медицина колледжінің информатика мұғалімі, Семей қ.

Сабақ өткізудің белсенді әдістері білім беру процесінде барынша тиімді пайдаланыла алады. Мысалы, сабақта және сабақтан тыс осы әдіс түрлерінің бірін қолданған кезде оқушылардың оқу белсенділігінің артуы байқалады. Дайындыққа жұмсалатын біршама қосымша уақыт шығыны айтарлықтай педагогикалық табыстар болып оралады.

Топтық технологияны қолдану арқылы табысты сабақ жүргізу үшін, педагог сыныптың білім деңгейін ғана емес, сонымен бірге ұжымда қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерінен де жақсы хабардар болуы тиіс. Сыныптың негізгі өзегін әртүрлі пәндер бойынша кеңесшілер құрайды (оларды сондай-ақ ассистент, лаборант деп те атайды). Оқу пәні бойынша кеңесшілер – бұл үлгірімі жақсы және пәнге қызығушылық танытушы, сондай-ақ сыныптастарының сабағына көмектесуге ниет білдіруші оқушылар. Мұғалім кеңесшілермен жүйелі түрде жұмыс жүргізуі тиіс: олардың білім сапасын тексеріп, әдістемелік кеңестер беріп отыруы, т. б.

Топтық деп сынып топтарға бөлінетін дәстүрлі емес сабақтар өткізуді айтамыз. Мысалы, конференция-сабақ, саяхат-сабақ, кіріктірілген сабақ, т. б. өткізуге болады. Төменде біз топтық технологияны пайдаланып өткізген информатика сабақтарының топтамаларын ұсынып отырмыз.

Пікірталас

Мақсаты: қисынды ойлауға, қарсыласының пікіріне құрметпен қарай отыра, өзінің көзқарасын дәлелді қорғауға үйрету.

Ұйымдастыру комитетін тағайындап, тақтаға пікірталас ережесін және қойылатын сұрақтар типін іліп қойған дұрыс. Топтар үш командаға бөлінеді, олардың әрқайсысы өз басшысын сайлайды. Командалардың «Компьютерлік технология» пәніне сай атаулары мен ұрандары анықталады.

1-кезең. Командалардың тұсаукесері. Үш минут ішінде әрбір команда өзін таныстырады.

2-кезең. Берілген сұрақтар бойынша жұмыс. Үш минут ішінде команда қойылған сұрақтың шешімін табады және жұрт алдында өз жауаптарын қорғайды. Басқа команда мүшелері қойылатын сұрақтар типіне сай өз сұрақтарын қояды. Ұйымкомитет баллдарын қояды (1, 2 немесе 3) және осы кезең қорытындысын шығарады.

Қойылатын сұрақ типтері:

– түсіну (1 балл): «Мен сізді дұрыс түсіндім бе?».

– сын (2 балл): «Сіз…дейсіз. Ал …қалай болады?».

– ілгерілеу (ойды дамытудың мүмкін варианттары, 3 балл): «Сіздің ойыңызға қарағанда … болып шыға ма деймін».

3-кезең. Ұйымкомитет жалпы қорытындысын шығарады, ал басшылар пікірталас барысы туралы пікір алмасады. Баға журналға қойылады.

Пікірталас өткізу ережелері

Ең алдымен әртүрлі позицияларға байланысты барлық идеялар мен фактілер анықталады.

Адамдарды емес, идеяларды сынау.

Мақсат жеңіп шығу емес, дұрыс шешімге келу.

Барлығының да талқылауға қатысуына түрткі жасау.

Барлық пікірлерге, егер онымен келіспесең де құлақ қою.

Проблемаға байланысты барлық пікірлерді түсінуге тырысу.

Қарсыластардың сенімді дәлелдері мен пікірлері әсерімен өз пікіріңді өзгертуге қорықпау керек.

Ойын ережесі

– Ұйымдастырушы комитет қателеспейді.
– Егер ұйымкомитет дұрыс емес деп есептесең, 1-тармақты қара.
– Осы жерде, қазір не болып жатқаны туралы айт.
– Тәуекелден қорықпа.
– Қысқа да нақты сөйле.
– Бағалама және ақыл айтпа.
– Ойында шен мен атақ болмайды.
– Ашық бол, өз сезіміне сен.
– Әрекеттен, әрекеттен, әрекеттен!

Ринг

Топ екі командаға бөлінеді. Басшылар сайланып, команда атаулары анықталады. Жюри мүшелері тағайындалып, мұғалім рингтегі төреші рөлін атқарады.

1-Раунд. Теориялық сұрақтар

Сұрақтар әрбір команда үшін жеке конверттерге салынады. Дайындалуға бес минут беріледі. Содан кейін команданың әрбір мүшесі басшының нұсқауымен

бір сұраққа жауап береді. Ұпай бүкіл командаға жазылады. Егер жауап берген кезде қателік жіберілсе, команданың командалас жолдастарының қатесін түзетуге құқығы бар. Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін жюри бірінші раундтың қорытындысын шығарады.

2-Раунд. Командаларға арналған практикалық тапсырмалар

Әрбір команда қарастырылатын мәселе бойынша тапсырма алады, оның орындалуына бір минут беріледі. Басшы жауап беретін адамды таңдайды. Ұпай бүкіл командаға жазылады. Жюри командалар алған баллдарды есептейді.

3-Раунд. Дербес практикалық тапсырмалар

Команданың әрбір мүшесіне командалық талқылаусыз орындалатын тапсырма беріледі. Ұпай бүкіл командаға жазылады. Жюри баллдарды есептеп, жалпы қорытындысын шығарады. Содан кейін ойынға талдау жасалып, ойыншылардың қатысуы бағаланады.

Өзара сауалнама

Мақсаты: оқушылардың оқу белсенділігін арттыру, оларды сыныптастарына оқу процесінде көмек көрсетуге ынталандыру, орындалған тапсырмалар сапасын тексеру, әдістемелік кеңестер беру.

Мұғалімдер немесе жақсы оқитын оқушылар қатарынан сараптық топ немесе жюри тағайындалады. Команданың басқа мүшелері жұптарға бөлінеді. Мұғалім өтілген тақырып сұрақтары бойынша билет таратады. Оқушылардың әр жұбы бірбіріне сауалдар қойып, білімдерін бағалайды. Сараптама тобының мүшелері әр жұптың жұмысын бақылап, оған талдау жасайды. Жюри қорытынды шығарады.

Топтық сауал

Бұл сабақ түрі бағдарламаның белгілі бір тарауы аяқталғаннан кейін, материалды қайталау және бекіту үшін өткізіледі. Қайталауды сабақтан кейін немесе сабақ үстінде өтуге болады. Кеңесші, мұғалім жасаған тізімді пайдаланып, өз тобының әрбір мүшесіне сұрақ қояды. Бұл кезде оқушының жауабын топ мүшелері түсіндіреді, толықтырады және бірлесе бағалайды.

Топтық сауал типінде өткізілетін сабақ құрылымы топтық сабақ құрылымына ұқсайды. Айырмасы тек мынада: кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдер (топтағы оқушыларға сауал қою) пропорциясы 1:8:2 болады. Сыныпта ұйымдастырылатын бұл сабақ типі барлық топтарда бір мезгілде өткізіледі. Бір-біріне кедергі болмас үшін, оқушылар ақырын дауыспен сөйлеседі.

Бір сабақ барысында сыныптағы барлық оқушылардың түгелдей білімдерін анықтауға мүмкіндік беретін топтық сауалнаманы қолдану сабақтың жоғары қарқындылығын арттырады. Оның үстіне бұл ұжымдық әрекетті ұйымдастыру формасы оқушыларда өзара талапшылдық сезімін және олардың оқуға жауапкершілігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Мамандар слеті

1-нұсқа. Оқушылар Windows, MS Word, MS Excel, MC Access, Corel Draw, FrontPage және т. б. программалар бойынша мамандар тобы деп есептеледі. Олар тиісті программа шеңберінде тапсырыс беруші фирмалардың міндеттерін атқарады. Мамандар міндеттері – тапсырыстың өз бейіндеріне сай келетінін дәлелдеу.

2-нұсқа. Оқушылар ПЭВМ операторлары, есептеуші орталық бөлім меңгерушілерінің, белгілі бір сала мамандарын (Денсаулық сақтау министрлігі, білім беру министрлігі, т. б.), ата-аналардың, жасөспірімдердің, компьютерлік ойындар салонының директоры рөлдерін орындайды. Оқшау және ғаламданған компьютерлік желі проблемалары талқыланады. Әрбір «маманға» алдын ала тапсырма беріледі – аталған проблеманы өз көзқарасы тұрғысынан талдау керек.

3-нұсқа. Топ оқушылары құрамынан төмендегі рөлдерді орындаушылар таңдап алынады: ҒЗИ директоры (оны мұғалім атқаруы мүмкін), ҒЗИ бөлім меңгерушілері (командалар басшылары), ҒЗИ бөлім қызметкерлері (қалған оқушылар). ҒЗИ бөлімдерінің атаулары мынадай: Windows, MS Word, MS Excel, MC Access, Corel Draw, FrontPage.

Жұмыс тәртібі. ҒЗИ бөлім жетекшілері өз бөлімдерінің жұмысы туралы есеп береді, бұл кезде әрбір қызметкердің әрекетіне талдау жасалады. ҒЗИ директоры есептерді қабылдайды, қорытындысын шығарады, бұдан кейінгі жасалатын жұмыс жоспарын белгілейді: оқушы-қызметкер ескермей кеткен тақырып пен мәселелерді қайталайды, немесе оқушылар білімділігінің дербес деңгейлерін ескере отырып жаңа тапсырмалар береді. Сонымен қоса ол ҒЗИ-дің тоқсан бойынша жалпы жұмысын қорытындылап, баға қояды.

